Екі аудан әкіміне ескерту жасады
2-бет

Тиімділіктен бас тартуға болмайды
4-бет

Үстеме баға үдемейді
5-бет

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ БЕЙСЕНБІ, **29 АҚПАН**, 2024 ЖЫЛ **№25 (23 347)** www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

● ЕРТЕҢ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

Бабаларым, рахмет сендерге!

Ұлттың қадір-қасиетін арттыратын мерекелер болады. Алғыс айту күні – солардың қатарында. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы құттықтауында осыны айшықтады. Құттықтауында «Бұл мерекеде ұлтымыздың салт-санасында берік қалыптасқан достық, қайырымдылық және ынтымақ сынды мызғымас құндылықтар кеңінен дәріптеледі. Алғыс айту күні қиын-қыстау заманда да мейірімділік пен жанашырлық таныта білген, әрі бірлігін бекем еткен халқымыздың ізгі қасиеттерін жадымызда жаңғыртады» деп еді. Алып-қосар жоқ. Біздіңше, дөп сөз!

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жер бетінде тағдыр талқысына тап болып, тамырынан ажырап қала жаздаған қаншама қасіретті ұлт бар. Тамырынан ажырап, қаңбақтай қаңғып кеткен, жоғалып кеткендері де аз емес. Қазақ аман қалды! Өзінің айтатын «Ғайып ерен, қырық шілтені» шығар?! Әйтпесе, көрмегені жоқ. Жаратқанға алғыс! Аса мейірімді Жаратушы таршылықта да кеңдігінен танбаған, «Жаным – арымның садағасы» деген ұлттың отын өшірмеді. Осылайша, жерде әділдік пен махаббаттың барын көрсетті емес пе?! Қасіретті ХХ ғасырда (ойлап отырсаңыз, қасірет көрмеген ғасырымыз аз екен) өзегі талып дала кезген, итжеккенге айдалған жұртымыз мыңдаған бейбақтың өмірін сақтап қалды. Құшағын ашты. Сол кең, жылы құшақта өмірге қайта келді. Бұл күнде осы топырақта қалған өзге этнос өкілдері дархан қазаққа алғыс айтады.

Тау халқының маңдайы жарқыраған перзенті, жауырыны жерге тимеген аралас жекпе-жек чемпионы Хабиб Нурмагомедов дегенді танитын шығарсыздар... Міне, сол жауынгер халықаралық ареналарда қазақ халқына талай алғысын жаудырды. Тебіреніп, толғанып сөйледі. «Қазақ – бауырым!» деді. Бұны жұлдызы жарқырап, миллиондаған жанкүйерге әр сөзін бақтырған өзге де спортшылары айтты. Қазақтың осы бір ұлы қасиетін жаһан жұрты біліп, естіп отыр. Тіпті, жеребе арқылы өзіне қарсылас атанған қазақпен төбелесуден бас тартқандары да бар. Осыны естіген ел таңдай қаққан. Шешенстан Президенті Рамзан Кадыровтың да «Аталарым пейілі кең қазақ жұртының арқасында аман қалды. Біз қазақ халқына қарыздармыз. Басымызды иіп, алғыс айтамыз!» деп ағынан жарылғанын да естідік. Баласының жақсы екенін есту – әкеге қандай мақтаныш сыйласа, балаға да солай. «Жақсыдан қалған тұяқ» деп арқаңнан қақса, қалай марқаймайсың?! Қайран бабам, әлем жақсылығыңды ұмытпапты! Өз елінің даңқын аспандатқан әлгіндей ерлердің жан түпкірінен шыққан алғыстарын естігенде, көңіл босап, еріксіз тебіренесің...



Коллажды жасаған М.Әйнекова

Алжирдегі әйелдердің бір уыс құртпен жан бағып қалғанын да жаһан жұрты біледі. Бір уыс құрт – кеудесінен жұлып алып, қасіретке малтып, дәм-тұзы таусылуға жақын қалған адамзат баласына берген қазақтың өз жүрегі секілді. «...Бірде қыстың таңында біз Жалаңашкөлден қамыс будаларын арқалап келе жаттық. Жолда жұтаң киінген жергілікті адамдар кезікті. Қастарында балалары бар. Үлкендер бізді көрген соң сәбилерге қарап бірдеңе айтқаны мұң екен, балалар бізге қарай тас лақтыра бастады. Айдауылдар «Сендерді Мәскеуде ғана емес, адамзат баласы жек көретінін байқадыңдар ма?» деп қарқылдап кеп күлсін. Тұтқын әйелдер «Бұлардың балаларға берген тәрбиесі осы ма?» деп налыды. Мен әлгі тастардың біріне сүрініп құлап, дәл алдымда жатқан тастан сүт пен ірімшіктің иісін сезгендей болдым. Шетінен тістеп көрсем дәмі тіл үйіреді екен. Сөйтіп, тастарды теріп алып барақка алып келдім. Барактағы қазақ әйелдері оның тас емес, кептірілген құрт екенін түсіндірді». Бұл – Алжир тұтқыны Гертруда Платайстың естелігі.

...Ең қымбат тас осы шығар әлемде,
Ең асыл ас осы шығар әлемде?!
Гертруданың жазып кеткен
жолдарын,
Өнеге ғып айту керек бар елге!
Басын исін төске басып қолдарын –

Қазақстан деген жұрттан сәлем де! – деп жырлады Ғалым Жайлыбай өзінің «Қара орамал» поэмасында! «Ең қымбат тас, ең асыл ас»! Әлгі естелік те – поэманың эпиграфы.

Жез тырнақты мыстан һәм тажал заманда да адамдықтың биігінен түспеген ата-бабамызға алғыс! Сол тұғырдан жас ұрпақ та түспегей...

● РЕСМИ

Қадағалау қағаберіс қалмайды

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің жұмысы бойынша 2023 жылдың қызмет қорытындысын жариялады.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Салалық департамент былтыр табиғи монополиялар субъектілеріне қатысты жоспардан тыс 14 тексеру жүргізген. Нәтижесінде 9 ұйғарым шығарылып, 30 әкімшілік іс қозғалды. Жалпы сомасы 54 324 100 теңгеге әкімшілік айыппұл салынды.

Еске салып өтелік, департамент төрт түрлі мемлекеттік қызмет көрсетеді. Бұл қызметтер Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы №73 бұйрығымен бекітіліп, Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларымен регламенттелген. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 5 шілдедегі №47 бұйрығымен бекітілген «Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу жөніндегі қызметке лицензия беру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларымен бекітілген. 2023 жылы арнаулы бөлім «Энергиямен жабдықтау мақсатында электр энергиясын сатып алу жөніндегі қызметке лицензия беру» бойынша 2, «Егер ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста есепке алынған мәміле жасалатын мүліктің баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 пайызынан асатын болса, табиғи монополия субъектісінің мүлкімен мәмілелер жасауға келісім беру» бойынша 25, «Табиғи монополиялар субъектілерін мемлекеттік тіркелімнен қосу және алып тастау» қызметін 63 рет атқарылған.

● ДЕНСАУЛЫҚ

Жылжымалы рентген жолға шығады

Аймақта 24 наурыз – Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күніне орай айлық жүріп жатыр. Осыған байланысты облыстық фтизиопульмонология орталығы жылжымалы флюорографиялық қызметті ұсынады.

Орталықтың хабарлауынша, жылжымалы кешен көпшілік орында жұмыс істейтін болады. Атап айтқанда, Қарағандыда «Шығыс» базары маңында – 5-6 наурыз, «Алтын Арба» базары маңында – 7 наурыз, «Арай» базарында – 12 наурыз, сонымен қатар, «Глобал Сити» сауда үйі маңында – 13 наурыз күні, 14-інде – «Ұмай», 15 наурызда – «Горняк» базары мен 19 наурызда «Жұлдыз» базары маңында ұйымдастырады. Теміртауда кешен «Аян-Пассаж» сауда үйінің жанында 20 наурызға дейін істейді. Кешеннің жұмыс істеу уақыты – сағат 10:00-мен 15:00 аралығы. Бұл шара туберкулезді ерте анықтау мен басқа адамдарды сақтандыру мақсатында жыл сайын жасалады. Флюорографияны кез келген адам өте алады. Жеке құжатын көрсетсе жеткілікті.

Өз тілшімізден

Цифрлық аутизм: «сатып алған» аурудың емі бар ма?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Аутизмге шалдыққан балалардың біздің қоғамға толықтай бейімделуіне көңіл бөлу аса қажет. Олардың арасында қабілетті балалар көп. Мұндай балаларды қолдауды жалғастыра береміз» деген еді кезекті бір мәлімдемесінде. Статистикалық деректерге сенсек, Қазақстанда аутизмге шалдыққан 12 мыңнан астам бала бар екен. Оларға көмек көрсету үшін психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері, оңалту орталықтары жыл сайын ашылуда. Бүгінде елімізде 208 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті мен 18 оңалту орталығы жұмыс істейді. Арнайы аутизм орталықтары да бар. Бұдан бөлек, арнайы білім беру саласындағы мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары әзірленіп, бекітілгенін де айта кету керек. Бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және кеңес беру, оңалту, үйде тегін оқытуды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мемлекеттік қолдау да ауқымды.

Сурет ашық дерекқоздан

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алайда, соңғы он жылда әдеттегі аутизмнен бөлек, «цифрлық аутизм» ұғымы қалыптасты. Денсаулық сақтау саласында ресми диагноз болып қойылмаса да, өскелең ұрпақтың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін ХХІ ғасырдың дертіне айналып үлгерді.

Әлемде бұл «дерт» жайлы айтылып жүргеніне біраз болды. «Виртуалды аутизм» терминін алғаш рет 2017 жылы румын психологы Мариус Замфир қолданды. Шетелдік маман «5 сағаттан артық телефон қараған баланың бойында аутизмнің белгілері пайда болады» дейді. Психомоторлық даму кешігеді, тіл кеш шығады, мінез-құлық бұзылады. Яғни, ол балалар сөйлей алмайды, ойын жеткізе, тіпті, бала болып қатарларымен ойнай да алмайды. Өзінің виртуалды әлеміне «қамалады».

– Аутизмнің бұл түрі қазір әр үйде бар, – дейді логопед Жанагүл Байкенова. – Үйде қанша адам болса, сонша телефон бар. Әркім өз бетінше, адами қатынас азайған. Бұл – бірінші. Екіншіден, баланың білімге деген ынтасы, жалпы, үлкендерді сыйлау, кішіге қамқорлық таныту азайған сияқты. Себебі, телефонда пайдалы да, пайдасыз да ақпарат бар. Бала оның барлығын екшей алмайды. Қазір балалар ойланудан қалып барады, өздері шешім қабылдай алмайды. Бала ғана емес, үлкендер де.

Логопедтің айтуынша, баламен сөйлесіп, көңіл бөлу керек.

– Телефон адамның жарты жанына айналды. Үлкендер бала тынышталсын деп телефон беріп қояды. Сол арқылы өз баласының болашағына балта шауып жатқанын толық сезінбейді деп ойлаймын. Әйтпесе, бермес еді. Баламен ойнау, далаға шығу, сөйлесу, қызығушылығын арттыру әсіресе, оның кішкентай кезінде маңызды. Себебі, цифрлық аутизм белгілері 1,5 жастан байқалады, – дейді маман.

Бесіктен белі шықпаған балаларға да телефон көрсетіп, музыка қосып қоятынымыз рас. «Телефонды өзі ашып алды» деп мәз боламыз тағы да. Алайда, оның салдары ауыр болуы мүмкін екені ол сәт ойға келмейді.

«Қамқорлық» оңалту орталығының дефектологы Гүлзира Қонақбаева бүгінгі ата-аналар баласына ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін түсіндірмейді деп санайды.

– Көптеген ата-ана баласының құлына айналған сияқты. Аузынан шыққанның бәрін орындап, бетінен қақпай өсіруде. Гаджеттерге тыйым болуы керек.

➤ 5-бет

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●**EUR/KZT** 487.09 ●**USD/KZT** 448.89 ●**RUB/KZT** 4.89 ●**CNY/KZT** 62.36

Қазақстан Ұлттық Банкінің 28 ақпан, 2024 жылғы дерегі бойынша

● АЗАМАТТЫҚ СЕКТОР

Өткен сараланып, келешек жоспарланды

Дүниежүзілік үкіметтік емес ұйымдар күніне орай салтанатты жиын өтті. Жиында азаматтық сектор мен билік өкілдері атқарылған жұмыстарды, орындалған жоспарларды талқылады.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дүниежүзілік үкіметтік емес ұйымдардың күні – ізгі қоғам құру жолында бірлескен азаматтардың еңбегін айшықтайды. «Бұл күннің маңызы зор» дейді облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов.

– Үкіметтік емес ұйымдар азаматтық сектордың және жалпы елдің дамуында үлкен рөл атқарады. ҮЕҰ әртүрлі салаларда бар: білім беру, кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы, спорт және т.б. Олардың барлығы өз бірлестіктерінде өте көп жұмыс істейді. Үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері ел азаматтарымен тікелей байланыста және бүгінгі күні шешімді қажет ететін барлық мәселелер мен проблемалар туралы жақсы біледі. Оларға үлкен жауапкершілік жүктеледі, – деді Нұрлан Бикенов.

«Үкіметтік емес ұйымдар осы уақытқа дейін мемлекеттік құрылымда маңызды рөл атқаратынын әлдеқашан дәлелдеген» дейді облыстық азаматтық альянстың президенті Дмитрий Полтаренко.

– Біз бүгін өткенімізді саралауға, келешегімізді жоспарлауға жиналдық. Бұл – маңызды жиын. Осында жиналған азаматтардың пікірін тыңдай отырып, жергілікті билікпен арадағы қарым-қатынастың деңгейін одан әрі жоғарылатуға тырысамыз. Елімізді дамыту үшін салмақты рөл атқарып тұрған барлық салада үкіметтік емес ұйымдардың қолтаңбасы бар. Сондықтан, осы саланың саңлақтарын кәсіби мерекелерімен құттықтай отырып, оларға жұмыста сәттілік телеймін! – деді Дмитрий Полтаренко.

Әр мәселені шешу үшін әлбетте, тараптардың тіл табыса білгені маңызды. Түсіністік пен бірлік бар жерде даму да бар. Бұл – «Үміт сәулесі» балалар мен мүгедектерге көмек көрсету орталығының төрағасы Татьяна Кравченконың пікірі.

– Аудандар мен қалалардың ішкі саясат бөлімдерімен және бағдарлама әкімшілерімен, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орындау үшін белгілі бір бағыттар бойынша ақша салуға мүмкіндігі бар адамдармен көбірек кездесу қажет, – деді ол.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстандағы үкіметтік емес ұйымдардың саны 100-ден 23 мыңға дейін өсіпті. Бұл – тек былтырғы жылдың қорытындысы. Азаматтық сектордың белсенді дамуы – елде үкіметтік емес ұйымдардың көшбасшылары мен сарапшыларының белсенді жұмыс істеуі үшін барлық жағдай жасалғанын айғақтайды, деп хабарлайды Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі. Бүгінде үкіметтік емес ұйымдары көп қалалардың көшін Шымкент пен Алматы бастап тұр екен. Үздік бестікте Астана мен Қарағанды бар.

Суретті түсірген **автор**

● РЕСМИ

Айыппұл арқалады

Қазір аймақта құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Алайда, олардың ішінде заңсыздыққа ұрынып жатқандары да жоқ емес. Нақтырақ айтсақ, Қарағанды облысында үлескерлердің қаражатын заңсыз тартқаны үшін 13 құрылыс компаниясы айыппұл арқалады. Тағы екеуіне хабарлама жіберілген.

Үлескерлердің ақшасын рұқсатсыз 15 компания тартқан. Бұл ретте 28 ақпандағы жағдай бойынша ҚР ӘҚБтК-нің 320-бабының 1-бөлігін бұзғаны үшін «ҚР тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы заңнамалық актісінің және ҚР тұрғын үй заңнамасының талаптарын бұзу» әкімшілік жауапкершілікке келесі құрылыс салушылар тартылған.

Атап айтсақ, «КапиталСтрой-XXI» ЖШС, «Манхэттен» ТК, «Sapa City» ЖШС, «Аспан» ТК, «СМК Group» ЖШС, «Baiterek» ТК, «АЛЬФиД» ЖШС, «Onyx» ТК, «T-K Building» ЖШС, «Al-Farabi» ТК, «TT INVEST» ЖШС, «ХАН» ТК, «RGB GROUP» ЖШС, «Central Park» ТК, «BMS Engineering» ЖШС, КТК (Балқаш), «ORDA Minerals» ЖШС, «Inju City» ТК, «Satti Lux Stroi» ЖШС, «Нұра» ТК, «ККК Бетон» ЖШС, «Бақытты отбасы» ТК, «Қарағанды Паркинг» ЖШС, «Құлагер» ТК, «ADS Engineering» ЖШС, КТК (Балқаш).

Үлестік құрылыс туралы заңды бұзғаны үшін 13 құрылыс салушының әрқайсысына сот шешімі бойынша 300 АЕК көлемінде айыппұл салынды. Тағы екі құрылыс салушыға («Transexpo» ЖШС, «Самал» ТК және «Nomad City Krg» ЖШС, «КЖТ» ТК) хабарлама жіберілді. Олар да алдағы уақытта әкімшілік жауапкершілікке тартылады, – деді Қарағанды облысы мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы басқармасының бөлім басшысы Айдын Смағұлов.

Өз тілшімізден

Екі аудан әкіміне ескерту жасады

Қыстың соңғы күндері. Алда – көктем. Ал, Арқаның қысы алты айға созылатыны аян. Бірақ, биыл қыс уақытылы аяқталып, көктем жылдағыдан ерте кіретін сынайлы. Өйткені, күн жылып, қар ери бастады. Сәйкесінше, бұл қала көшелеріндегі көлік қозғалысына кері әсерін тигізеді. Қазірдің өзінде тұрғындар жолдардағы қардың дұрыс тазаланбауына шағынданып жатыр. Осы орайда облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қала көшелеріндегі қардың тазалануы барысына арнайы рейд жүргізді.

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Нақтырақ айтсақ, аймақ басшысы облыс орталығындағы жол жиектерінде, жаяу жүргіншілер жүретін аймақтарындағы қардың жиналмағанын және аялдамалардың жағдайына көңіл толмайтынын айтып, сынға алды.

Тұрғындар тарапынан шағымдар көп. Облыс әкімінен де біраз ескертулер жиналып қалған. Қарағанды қаласы және екі аудан әкімімен бірге облыс басшысы Пришахтинск және Майқұдық көшелерін, соның ішінде жеке секторды, сондай-ақ, облыс орталығының Оңтүстік-Шығыс пен Федоровка бөлігін мұқият аралап шықты.

Жұмыс сапары барысында Ермағанбет Бөлекпаев жойылуы тиіс олқылықтарды соқырға таяқ ұстатқандай етіп, нақтылап көрсетті. Сондай-ақ, жылы аялдамалардың жағдайын да назардан тыс қалдырмады.

– Үнемі көшелерді аралап өтемін. Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарын және әлеуметтік желілерді қалт жібермей қарап, оқимын. Жолдарға қатысты

сұрақтар белгілі бір деңгейде шешіліп жатқанын көрсек те, аялдамалар мен жаяу жүргіншілер жолына қатысты шағымдар көп екенін байқаймын. Бүгін екі аудан әкіміне қатаң ескертулер жасадым. Бұл – олардың тікелей міндеті. Қала әкіміне де ескерту жасалды. Тұрғындар үшін жайлы жағдай жасалмаған, – деп қатаң ескертті Ермағанбет Қабдулаұлы.

Бұдан бөлек, аймақ басшысы су тасқынының алдын алу мәселелерін мұқият пысықтау қажеттігін атап өтті.

– Күн жылып келеді. Қар көп түсті. Су таситын кезең де жақындап қалды. Біріншіден, қазір қарды шығару, содан кейін суағар жүйесін тазарту қажет. Қайткенде де елдің жүріп-тұруына, қауіпсіздігіне зияны тимеуі тиіс, – деді аймақ басшысы.

Сонымен қатар, су тасқыны қаупі төніп тұрған жерлердің бар екенін атап өтті. Келесі жолы облыс әкімі қалада су тасқынына дайындық барысын тексеретінін айта кеткен жөн.

Өз тілшімізден

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Мұражай ашылды

Қарағанды облысында мемлекеттік қызмет тарихын насихаттау және оны болашақ ұрпаққа дәріптеу мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қарағанды облысы бойынша филиалы жанынан мұражай ашылды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мұражай құру идеясының бастамашысы – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті. Барлық салада өткенін, тарихи құндылықтарын сақтайтын орталықтар бар. Ал, мемлекеттік қызмет саласында болмаған. Мемлекеттік қызметкерлердің де жетістігі, ел дамуына сіңірген еңбегі аз емес. Оларды келешек ұрпақ білуі керек.

Қазіргі уақытта музей қорында тарихи маңызы бар нормативтік-құқықтық актілердің көшірмелері, облыстағы мемлекеттік қызметтің қалыптасуы мен дамуын көрсететін мұрағаттық құжаттар мен фотосуреттер, мемлекеттік қызмет туралы кітаптар, журналдар, естелік фотосуреттер, жазу машинкалары, телефондар және арнайы детальдар бар. Сонымен қатар, мұражай қоры тұрақты түрде толықтырылуда.

Бұл мұражай өзгерістердің ұйытқысы болып, жастарды халық пен мемлекетке тиімді қызмет етуге шабыттандырады. Мемлекеттік қызмет саласындағы жетістіктер мен мұраларды болашақ ұрпақ үшін сақтауға көмектеседі.

Мұражайдағы сөрелерге қойылған экспонаттар қазір бізге әсерлі болмаса да, келешек ұрпақтың кәдесіне жарар хақ. Сол дүниелерге қарап, біздің дәуірдің жетістігін бағамдап, болашаққа бағдар жасай алады.

Сурет ұйымдастырушылардікі

Жасампаздыққа жол ашар орталық

Теміртау қаласының Достық үйінде Теміртау қаласы әкімдігінің қолдауымен Алғыс айту күніне орай ұйымның облыстық өкілдігі жанындағы «Жастар Ассамблеясы» қалалық орталығының ашылуы салтанатты жағдайда өтті. Іс-шараға Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі ҚХА Хатшылығы меңгерушісінің орынбасары Ғалымжан Махан, «Жастар Ассамблеясы» РҚБ төрағасы Тимур Жұмырбаев, үкіметтік емес ұйымдар, этномәдени бірлестіктер мен жастар ұйымдарының өкілдері қатысты.

– Біз қарағандылықтардың тың жобаларымен танысуға келдік. Сол орайда ат басын арнайы бұрып, Теміртаудағы «Жастар Ассамблеясы» қалалық орталығының ашылуына келдік. Жастардың қарқыны өте күшті, соны жобалары бар екен. Тікелей қаржылық болмаса да, өз күшімен еңбек етіп жүрген жастарға, волонтерлерге алғысымызды айтамыз, – деді Ғалымжан Махан.

«Ассамблея жастары» РҚБ 2021 жылы Қазақстан Республикасы Президенті – ҚХА Төрағасы Қ.Тоқаевтың тапсырмасы бойынша құрылып, 6 негізгі магистральдық бағыт бойынша «Social Assembly», «Бірлік тілі», «Ел мұрасы», «Таза орта», «Қасиетті парыз», «Jastar media» жұмыс істеп жатыр.

2023 жылы ұйымның облыстық өкілдігі 4000-нан астам адамды қамти отырып, 86 іс-шара өткізді, жалғыз тұратын зейнеткерлерге тұрмыста көмек көрсетуге, демалыс аймақтарын тазалау және ағаш отырғызу бойынша «Birgemiz: Taza Alem», «Birgemiz: Qamqor», «Birgemiz: Umit» жалпыұлттық жобалары шеңберінде 50-ден астам еріктілер акциясын іске асырумен қатар интернет-алаяқтық, төтенше жағдайларда жүріс-тұрыс ережелері бойынша ақпараттық-түсіндіру акциялары өткізді.

«Жастар Ассамблеясы» Теміртау қалалық орталығы биыл «Бейбітшілік және келісім сабақтары» жобасын іске асыру, жастар ортасында этносаралық келісімді нығайту жөніндегі жұмысты жүргізу, әртүрлі этностардың өкілдерін мемлекеттік тілге оқытуды ұйымдастыру, қала жастарын әлеуметтік маңызды жобаларды іске асыруға тартумен айналысуды жоспарлап отыр.

Әділет ШОПЕН

Сурет ұйымдастырушылардікі

• ЧЕЛЛЕНДЖ

«Ризашылық – мейірім бұлағы»

Қарағандыда «Алғысымыз шексіз» челленджі басталды. Жастар ресурстық орталығының өкілдері мен Тәттімбет атындағы колледж студенттері Алғыс айту күніне орай облыс тұрғындарын құттықтап, көшеге шықты.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мерекеге орайластырылған шарадан аға буын да шет қалмады. Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының зейнеткерлері де ойын-сауық орталықтарын аралады.

Жастар ұлттық киім киіп, адамдар жиі жиналатын жерлерде қала тұрғындары мен қонақтарына құрт сыйлады. Түркі халықтарына ортақ дәстүрлі тағам қоғамдық көліктерде де таратылуда. Мерекелік челлендж аясында Тәттімбет колледжінің әншілері халық әндерін орындауда.

Мереке қарсаңында өңірдің аудандарында «Ризашылық – мейірім бұлағы» дөңгелек үстелі, «Рахмет саған, туған ел!» музыкалық кеші және «Алғыс айту – асыл қасиет» секілді бірнеше мерекелік іс-шаралар жоспарланған.

Ұлттық киім, көрсетілген салт-дәстүр, орындалған халық әндері осылайша Алғыс айту күнінің мәнісін аша түскендей. Ендеше, жан-жағымызға алғыс айтып, ұлт құндылықтарын насихаттай жүрейік.

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Отанға алғыс айтатын күн

Отанға деген махаббат қайдан пайда болады? Таңмен тұрып, «Оян, қазақ!» дейтін ақжолтай Алаш ұлдарының көк байрақты биікке көтерген сәтін көру – Отанға деген махаббатты оятады. Тілі енді шыққан 2 жастағы баланың Әнұранды жатқа айтқанын тамашалау – елге, жерге ықыласты еселей түседі. «Қазақстан халқына» қорының сал баланы емдеп шығарғаны – елге жүрекжарды алғыс айтқызады.

Қазақи ортада тәрбиеленген, Алаш көшіне ерген әрбір жастың бойында осындай сезімдердің болары хақ. Ал, Тәуелсіздік ұрпақтарының бейбіт таң үшін қазақ еліне риясыз риза екені даусыз.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа Қазақстанның жастарына «хайп» қуған айғай мен ойбайдың керегі жоқ. Президент елге бағытынан жаңылыспаған адамдар керектігін анық айтты. Бұл міндеттің маңыздылығы соншалық, Мемлекет басшысы «Мемлекеттік басқару жүйесіне меритократия негізінде лайықты, білімді адамдар ғана келуі керектігін» құп көрді. «Үміткерлерді таңдаудың басқа қағидасы болуы мүмкін емес» деген Мемлекет басшысы, алдымен, Президенттік кадрлар тізімін құруды ұсынды. «Жастар» ұғымының жас шегін 29-дан 35 жасқа дейін ұлғайту жөнінде шешім қабылдағаны – бірқатар саладағы жас мамандарға үміт артқаны.

2023 жыл ел жастарының тасы өрге домалаған табысты жыл болды. Тәуелсіздік ұрпақтары мемлекет игілігін барынша көрді. Олар осы үшін Отанына алғыс айтуы тиіс. Неге дейсіз ғой...

Біріншіден, мемлекет жас азаматтардың кәсіпкерлікпен айналысуына жол ашты. «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты бизнес, ғылым, мәдениет, БАҚ және ақпараттық технологиялар саласындағы (жалпы сомасы 90 миллион теңге) үздік 30 жобаны анықтады. «Отбасы банкімен» бірлескен «9-20-25» жаңа бағдарламасының негізгі қатысушылары жастар деп танылды. Ойлап тапқан жобасы бар әрбір жас жалпы сомасы 26 миллиард теңгені құрайтын 5,6 мың бизнес жоба үшін жеңілдетілген несие алды. Бұл орайда жас кәсіпкерлерге облыс, қала көлемінде қайтарымсыз гранттар да бұйырып жатты.

Екіншіден, мемлекет игілігінен ақ халатты абзал жандар шет қалмады. Дәрігерлердің орташа жалақысы – 30%-ға көтерілді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша резидентурадағы жас дәрігер маман, ғалымдарға арналған гранттар саны 70%-ға ұлғайды.

Үшіншіден, руханият пен әдебиетке келсек... Үкімет жас қаламгерлер легін қалыптастырып, қолдау білдірді. Әлемдік деңгейдегі тақырыптарға қалам тербеген жас жазушылар мен ақындарға Президенттің арнайы әдеби сыйлығын тағайындады. «Жаңа қазақ әдебиеті» жобасы жас авторлардың кітаптарын 3 мың дана таралыммен басып шығарды. Барлығы – әдебиетке қадам басқан жасты қолдауға негізделді.

Міне, осылайша ғылым мен жоғары білім беруді дамыту – Әділетті Қазақстанның басты ұстанымына айналды. Мемлекет студенттердің шәкіртақыларын өсіруді доғарған жоқ. Жас мұғалімдердің өтінішіне құлақ түрді. Өрт сөндіруші мен тәртіп сақшыларының да өтінішін ескерусіз қалдырмады. Әлі күнге ғылым мен техниканың дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдарды мемлекеттік ғылыми стипендиялармен жиі көтермелейді.

Қазіргі таңда Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанды өзгертетін жастардың рөліне ерекше назар аударып отыр. Елдегі жастар үлесі 5,7 миллионға жеткенін ескерген Мемлекет басшысы «Мемлекет пен азаматтық қоғамның бір-біріне көмектесуі – жетістікке жетудің кепілі» дегенді әр Жолдауында айтады. Сондықтан, Президенттік кадр тізімінен үмітті 30 дан асқан әрбір жасты «Мемлекет маған мүмкіндік сыйлады, мен Отаныма не беремін?» деген сауал мазалауы заңды.

XX ғасырда АҚШ-тың 35-ші Президенті Джон Кеннедидің сөзі әлем жұрттарының аузынан түскен жоқ. «Менің қадірлі американдықтарым! Елім маған не берді деп сұрамаңыздар, мен еліме не бердім деп өздеріңізден сұраңыздар. Құрметті әлем азаматтары! «Америка біз үшін не істеуі керек деп сұрамаңыздар, адам бостандығы үшін бірігіп, біз не істей аламыз?!» деп сұраңыздар» депті. Джон Кеннедидің айтқанынан сабақ алған жөн. Десек те, XX ғасырдың заңғар тұлғасы – Абайдың «ұраншыл болма, құраншыл да болма» дегені бар.

Отанға деген махаббат – бөлуге, бөлшектеуге болмайтын дүние. Әділетті Қазақстан ұлтқа деген сүйіспеншілігі ұйықтап қалғандардың жүрегіне сәуле құйса екен. Елге алғыс айтудың орнына, отыра қалып, қарғыс айтатын жасты көргенде ойланатынның рас. Жалпы, Сізде Отанға деген махаббат бар ма?

Сурет облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасынан

• ПЕЙІЛ

«Көңіл көңілден су ішеді»

Ертеректе үлкендер ақыл-кеңестерін айта отырып, «қарғыс емес, алғыс алуға тырысыңдар» дейтін. Өңірде табиғаттың тосын апатынан түрлі жағдайлар орын алып жатады. Кей сәтте бейбіт күннің батырларына алғыс айтып, еңбегін елеп-ескеруді естен шығарамыз. Мерекеге орай адамның адамға білдірген риясыз тілектерін назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік. Осы кейіпкерлер секілді үлкеннің батасын алып, кішінің ізетіне бөленіп жүргенге не жетсін?!

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

БІЗДІҢ БІЛІКТІ ДӘРІГЕР

Құрметті Қалқаман Асықбайұлы Сұлтанов! Қарағанды қаласының №2 көпсалалы ауруханасының ангиохирургы ретіндегі қызметке адалдығыңызды жоғары бағалаймын. Табандылығыңыз мен кәсібилігіңізге тәнтімін. Адам өміріне араша болар білікті дәрігерлер біздің қоғамға керек.

Мен, Антонина Николаевна (22.01.2024 ж.) Қалқаман Асықбайұлынан ем алып, айықтым. Мемлекеттік аурухана дәрігерлері ауырған жандарды керемет емдейтініне толық сендім. Сіз керемет дәрігерсіз! Сізге және сіз жұмыс істейтін мекемеге алғысымды білдіремін.

Антонина МИГОВИЧ,
Қарағанды қаласының тұрғыны

ӨМІР ҮШІН – МЫҢ АЛҒЫС

Алғысымды аяулы Әсел анашыма арнағым келеді. Мен үшін әлемде ана мейіріндей мейірім жоқ. Алақаны – біз үшін ең жылы ұя.

Ана! Бұл сөз кез келген тіршілік иесі үшін қастерлі. Дүние есігін ашқаннан бері, күні бүгінге шейін бізді әлпештеп, жебеп жүретін осы бір жанды құрметтеп, сыйлап өту – борышымыз. «Батыр да туған анадан, ғалым да туған анадан» демекші, біз қандай танымал, көпшілік алдында әйгілі болсақ та, анамыздан мәртебеміз асып түспесі анық.

«Баласы атқа шапса, анасы үйде отырып тақымын қысады». Түзде жүргенімізде, студент болып анамыздан жырақтап қалаға келсек те жадымызда аналарымыздың ақжарқын бейнесі жаңғырып тұра бермек. Анашыма деген махаббатымды көк сиямен ақ параққа жазып тауыса алмасым хақ. Аналарымызға тек 1 наурызда ғана емес, әрқашан алғыс айтып өтейік. Анашым – маған жарық әлемді сыйлаған жалғыз адам. Мың алғыс Сізге, анашым! Ғұмырыңыз ұзақ болсын!

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
ҚарУ-дің I курс студенті

ЕРЛІГІН ЕЛ АЙТАДЫ

Шет ауданы, Батық аулының тұрғыны Еламан Одесхан Түркістан қаласының тұрғынын жергілікті тоғанға батып бара жатқанын көріп, оны құтқарып қалды. Суға батқан жігіттер Батық ауылына қонаққа келіп, балық аулауға шыққан болатын.

Еламан – атбегі, көкпаршы. Бейбіт күннің батыры қашанда марапат пен алғысқа лайық. Еламанның ерен ерлігіне алғыс айтамыз. Елімізге Еламан секілді батыл құтқарушылар керек.

Батық ауылының тұрғындары
Шет ауданы

БАТЫЛ ЖҮРЕК

Теміртаудағы №9 лицейдің 8-сынып оқушысы Арман Бақытжанұлы – техникалық каналға батып бара жатқан баланы көріп, құтқарып қалды. Ерлік жасады. Адам құтқарып, ерлігімен көзге түскен оқушымыздың өзіндік ойлау ерекшелігі басым, түрлі болжамдар жасауға қабілетті, қиялы ұшқыр, өзін тануға құштар. Мектеп ұжымы, ұстаздары атынан Арманға, оның отбасына алғыс айтамыз. Осындай үлгілі әрі батыл оқушымызды мақтан тұтамыз.

Біз үшін әрбір бала – тұлға. Сол баланың тұлғалық қабілетін ашуға барымызды саламыз.

№9 мектеп-лицейі ұжымы
ТЕМІРТАУ

ТАЗАЛЫҚ САҚШЫЛАРЫ

Қала тазалығына жауапты «ГорКомТранс Караганда» ЖШС ұжымына алғыс білдіреміз. Бұған дейін «Гүлдер-1» ықшамауданы, №12, №13 үй мекенжайдағы контейнерлердің сапасына қатысты мәселе болды. Кейіннен мекеме ұжымы қоқыс салуға арналған контейнерлерді ауыстырып, жөндеді.

Қаламыз тұрғындарымен – көрікті. Өзге елден келетін қонақтардың да басты назар аударатыны қала тазалығы болғандықтан, күн-түн демей жұмыс істейтін мекеме қызметкерлерінің жұмысына алғыс білдіреміз.

Гүлдер 1, 12-13 үй тұрғындары
ҚАРАҒАНДЫ

Тағдырлы ұлт тағылымы

1995 жылдың қаңтарында құрылған «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени қоғамдық бірлестігі – Қарағандының ғана емес, тұтас атамекеніміздегі шешен-ингуш халқы өкілдерінің бастамасы мен белсенділігінің жарқын мысалы боларлық ұйым. Бірлестіктің бірегей мақсаты – этносаралық келісімді сақтау, аймақтағы басқа этникалық топтармен мәдени байланысты дамыту.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Төл тарихымыздың бір тарауындай болған тағдырлы этнос өкілдері тәуелсіз еліміздің қадір-қасиетін қастер тұтады. Депортацияға ұшыраған шешендер мен ингуштарға арналған үлкен жұмысты атқара жүріп, Арқаның сайын даласына деген терең құрметін білдірмек пейілмен, облыстық мұрағаттың қолдауымен «Нас породнила Сарыарка» атты кітабын да жарыққа шығарғанын зиялы қауым жақсы біледі.

– Этномәдени бірлестігінің жанынан құрылған Ақсақалдар кеңесі мен Аналар кеңесінің мүшелері өскелең ұрпақты ұлттық мәдени құндылықтарға баулып, қазақстандық патриотизмді сіңдіруде бірқатар жұмыс атқаруда. Шешендер мен ингуштар мәдени-әлеуметтік өмірге белсенді араласады. Қазақстандағы өзге ұлттармен халықтар арасындағы достық пен бейбітшілікті нығайтуға бағытталған әртүрлі шараларға атсалысады. «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени бірлестігінің облыстағы қалалар мен аудандарда филиалдары бар. Келер жылы бірлестік өзінің 30 жылдық мерейтойын атап өтеді. «Тар жол, тайғақ кешу» кезеңдерінде бізге ғұмыр да, тұғыр да берген дана елге алғысымыз шексіз, – деп жылы лебіз білдірді «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени бірлестігінің төрағасы, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Увайс Джанаев.

Увайс мырзаның сөзінше этномәдени бірлестігінің мұраты этносаралық келісімді сақтау, аймақта тұрып жатқан өзге этникалық топтар өкілдерімен мәдени және қоғамдық байланысты дамыту, ана тілін, ұлттық мәдениетті және дәстүр-салтты дәріптеу, Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамаларын жүзеге асыру. Орталық мүшелері спорттағы үлкен жетістіктерімен мақтана алады. Ірі жарыстарда Қазақстан мен Қарағанды облысының намысын сан рет қорғап жүрген жайы бар. «Вайнах» этномәдени бірлестігінің би ұжымы республика көлеміне танымал. Түрлі концерттер мен фестивальдерде мақтау қағаздарымен, жүлделермен марапатталып жүр.

Шешенстандағы Тевзана ауылының тұрғыны Амани Джанаева қазақ тілінде тілшілер қауымына бір ауыз жылы лебізін жеткізді.

– Қазақстандағы жылдар мұғдарында мен тым жас едім. Қаракөз бауырларыммен бірге есейдік. Тағдырымыз да, ән-жырымыз да бір бүтін болды. Ең тәуір шешен – нағыз қазақ. Ең тәуір қазақ – нағыз шешен десек жарасар-ау мұндайда. Екі елдің тағдыр-талайы судың қос тамшысындай егіз. Жүрегімізде шекарасы жоқ елміздегі, – деп тебіренді Амани апа риясыз кейіпте.

Суретті бірлестік ұсынды

● ҰСЫНЫС. ПІКІР. ПРОБЛЕМА

Тиімділіктен бас тартуға болмайды

Қазақстанда АЭС құрылысы бойынша референдум өткізу жөніндегі Үкіметтің жоспары туралы Қазақстан Республикасының еркін ойлы азаматы ретінде өз ойымды ортаға салғым келеді. Иә, атом электр станциясын салу керек. Референдум өткізу қажет. Бірақ, референдумда халықтың қолдауына ие болу үшін атом электр станциясын салу бойынша үлкен алдын ала жұмыс қажет.

Коллажды жасаған М.Әйнекова

Бір күдік пен мың үміт

Өкінішке қарай, қоғамда «жасыл энергияны» қолдаушылар АЭС-ті қолдану қауіпті, адамдар үшін, экология үшін, радиациялық сәулеленумен авариялар болуы мүмкін және т.б. жағымсыз жақтарын айтып, дабыл қағуда. Өйткені, Семей полигонының зардабы адамдардың жадында көмескілене қойған жоқ. Ол атом бомбаларын сынаумен жергілікті халыққа есептелмейтін қиыншылықтар әкелді.

Дегенмен, ядролық сынақ алаңы (Семей) мен АЭС-тің айырмашылығы жер мен көктей екені ғылыми тұрғыда әлдеқашан дәлелденген. Оның үстіне, әлемнің дамыған елдерінің біразы тұтынып, энергия өндіріп отырған АЭС құрылысынан құбыжық көргендей шошынуға болмайды. Сонымен қатар, атом электр станцияларының ең көп саны АҚШ-та (98 энергоблок), Қытайда олардың 48-і (энергоблок), Франциядағы электр энергиясының 70%-ы атом электр станцияларында (58 энергоблок) өндіріледі. Шын мәнінде, оларда электр энергиясының қарқынды әрі қалыпты өндірісі атом электр станциялары арқылы тиімділікке қол жеткізгенін де атап өтуге тиіспіз. Сондай-ақ, бұл елдер жел турбиналары мен күн батареяларын елей қоймайды. Энергияның бұл баламалы көздері өте қолайсыз, салдары бар, айтарлықтай инвестицияларды қажет етеді деп есептегеннен болар, бәлкім.

Күн панельдері мен жел диірмендері дәстүрлі энергетикамен тең дәрежеде бәсекеге түсе алмайды және белгілі бір субсидиялар мен артықшылықтар түрінде жасанды тіршілікті қамтамасыз ету жүйесін қолдану арқылы ғана өмір сүре алады. Бірақ жел турбиналары мен күн панельдерінің қуаты артқан сайын, жасыл энергия көбірек субсидияларды қажет етеді. Күн панельдері мен жел диірмендерін өндіруге олардың бүкіл қызмет ету мерзімінде бере алатынынан көп энергия жұмсалатынын да жасырмайды сала мамандары. Сонымен, олар генерация кезінде үнемдегеннен гөрі көп шығындарға душар етеді екен. Егер олай болмаса, оларға қаржылық субсидиялар қажет болмас еді...

Үкіметтің атом электр станциясын салу туралы пікір алаңындағы жұмысы қандай? Үкімет халыққа атом энергетикасы бар жетекші елдердің де қолында жоқ атом электр станцияларын салу Қазақстан халқына қандай пайда әкелетінін және бұл үшін қандай мүмкіндіктер мен артықшылықтар бар екенін түсіндіруге тиіс.

Міне, осындай мысалдарға тоқталайық.

Бірінші: Қазақстанда уранның орасан зор қоры бар – барлық әлемдік қордың шамамен 18,9%-ы. Өзімізде осынша шикізат қоры бола тұра, шикі уранды басқа мемлекеттерге оңды-солды үлестіргенімізге не жорық?!

Шығыс Қазақстан облысында бұрынғы кеңестік дәуірден қалған кәсіпорындар бар. Олардың кейіннен АЭС үшін дайын таблеткалар өндіріп, түпкілікті өнімге дейін өңдеуге мүмкіндігі бар. Үлбі металлургия зауытында (ҮМЗ) өндірілетін салмағы 4,5 грамм уран диоксидінен жасалған бір отын таблеткасы 882 келі сұйық отын, 550 кг көмір немесе 500 келі мұнай жағу арқылы өндіруге болатын баламалы энергия бөледі.

Екінші: Жапония, Франция, Оңтүстік Корея, Қытай және Ресей сияқты елдер Қазақстанмен ынтымақтастыққа мүдделі. Өйткені, 2000 жылдары «ҚазАтомӨнеркәсіп» ҰК осы мемлекеттермен тығыз байланыста болды. Бүгін, өкінішке қарай, біз тек шикізат өндіреміз және бастапқы өңдеуді ғана жүргіземіз. Атом электр станциясы отын элементтерін өндіруге де мүмкіндік туғызады. Бұл – қазірдің өзінде жоғары технологиялық өндіріс. Атом электр станциясының құрылысы Қазақстанға уранды қайта өңдеудің жоғары технологиялары бар елдердің клубына қосылуға жол ашады және бұл экономикалық және ғылыми тұрақтылықтың көрсеткіштері болып табылады.

Үшінші: Атом электр станцияларын, уранды қайта өңдеу кәсіпорындарын салу, атом электр станцияларын пайдалану ғылыми және жоғары білікті мамандарды қажет етеді.

«Барлығын маман шешеді»

Бүгінгі таңда бізде бұл сала бойынша білікті мамандар тапшы. Оларды дайындау керек. Бұл табиғи түрде физика мен химия секілді іргелі ғылымды дамытуды қажет етеді. Осы негізде Ғылым Академиясы және қазақстандық ғалымдардың ғылыми әлемдегі беделі жанданатын болады. Әлемдік тәжірибеге сәйкес, АЭС құрылысы 10-15 жыл бойы жүргізілуде. Референдум арқылы АЭС салу туралы шешім қабылданған жағдайда, қазірдің өзінде инженерлік қоғамдастықтың элитасы талап ететін жоғары білікті мамандарды даярлау қажет болады. Бұл дегеніміз, мамандарды тиісті жоғары оқу орындарында алдын ала даярлау керек немесе қолданыстағы жоғары оқу орындарының базасында аталған мамандарды даярлау бойынша бөлімшелер ашу қажеттігін меңзейді. Тиісті бейіндегі үздік шетелдік мамандарды, сондай-ақ, тиісті біліктілігі бойынша оқытушылар шақыру, мамандар мен студенттерді әлемнің үздік жоғары оқу орындарына оқуға және тағылымдамадан өтуге жіберу қажет.

Қазақстандық жастар әлемдік деңгейдегі технологияларға қол жеткізуге міндетті. Сондықтан, көптеген жылдар бойы жұмыспен қамтамасыз етілетін болады. Бұдан басқа, 10-15 жыл бойы жүргізілетін АЭС құрылысының өзі осы кезең ішінде қазақстандық кәсіпорындармен тікелей байланысты мыңдаған жұмыс қолы тартылатынын білдіреді.

Халықаралық аспектіні де назардан тыс қалдыруға болмайды. АЭС құрылысы мен эксплуатациясының өзі АЭХА (Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттік) бақылауымен жүргізілетін болады. Бұл – атом электр станциясының құрылысы мен қауіпсіз пайдаланылуын бақылау ғана емес, сонымен қатар, Қазақстанның халықаралық аренадағы өкілдігінің жаңа форматы. Сондықтан, алдағы жылдары уранға деген қызығушылық тек арта түседі дейді сарапшылар мен инвестбанк өкілдері.

«Нарықтың басты драйвері елдердің осы ғасырдың ортасына қарай CO2 шығарындыларын нөлге дейін төмендетуге ұмтылуы болады. Бұл процесте күн және жел станцияларына қарағанда өндірісі болжамды атом энергетикасы маңызды рөл атқаруы мүмкін» деп хабарлайды Халықаралық энергетикалық агенттіктің жаңа баяндамасы.

Ол 2030 жылға қарай әлемдегі атом қуатын салу қарқынын төрт есе, жылына 24 ГВт-қа дейін арттыруды ұсынады. Ал, жетекші инвестбанктердің болжамы бойынша, уран бағасы әр кг үшін 2025 жылға қарай 117 долларға дейін өседі. Ең бастысы, Жаңа Қазақстанды қуатты локомотив – атом электр станциясы түрінде елдің экономикалық дамуы үшін өте қажет қосымша энергия қуаттарынсыз қалай құруға болады?

Қазірдің өзінде елімізде электр энергиясы тапшылығы бар, энергетикалық тұйық шеңбері жоқ. Ал, Қазақстанның солтүстік және орталық бөліктері Ресейден электр энергиясын жеткізуге толығымен тәуелді. Біз еліміздің болашағы туралы ойлануға міндеттіміз. Одан қорқудың қажеті жоқ. Тек адамзаттың пайдасына болатын техникалық прогреске ілесу керек, болашаққа батыл қарау керек.

АЭС артықшылығы туралы

Егер белгіленген қуаттылықтағы 1000 МВт (мегаватт) ластаушы заттар шығарындыларының көлемін салыстыратын болсақ, онда газ арқылы жұмыс істейтін ЖЭС-дағы жылдық жиынтық шығарындылар (күкірт газы, азот оксидтері, көміртегі оксидтері және күл шаңы) 13 000 тоннаны, көмір тұтынатын ЖЭС-ында 165 000 тоннаны құрайды. Атом электр станцияларында мұндай шығарындылар іс жүзінде жоқ (ал, Қазақстанда электр станцияларының көпшілігі көмірмен жұмыс істейді).

Белгіленген қуаттылығы 1000 МВт көмірқышқыл газының шығарындылары газ ЖЭС-те жылына 3 800 000 тоннаны, көмір ЖЭС-те жылына 7 000 000 тоннаны құрайды. АЭС-те мұндай шығарындылар болмайтынын айттық. АЭС-тағы авариялар және ядролық қалдықтарды басқару, оларды кәдеге жарату туралы Атом энергетикасы тарихында тек үш ірі реактор апаты болды. Үш миль аралы (АҚШ), Чернобыль (КСРО) және Фукусима Дайити (Жапония). Фукусима апатына цунами себеп болды. Осы атом электр станцияларының барлығында бірінші буын реакторлары қолданылды, олар қазір қолданылмайды. Бүгінгі таңда атом электр станцияларында апаттар қаупі төмен және барлық қатер реакторларды жетілдіру есебінен төмендеуде.

Басқарылатын ядролық реакцияларды жүзеге асыру процесінде ядролық қалдықтар және радиоактивті ластанған, пайдалану мерзімі өткен жабдықтардың едәуір мөлшері құрылады. Оларды жинау, қайта өңдеу және кәдеге жарату технологиялары қауіпті ғана емес, сонымен қатар қымбат. Бұл бүгінде де, жақын болашақта да сала алдында көптеген қиындықтар туғызады.

Бұл іспен айналысатын жалғыз кәсіпорын – «Маяк» ӨБ РТ-1. Ол Челябі облысының аумағында, Озерск қаласында орналасқан.

Реакторлардың соңғы технологиялары

Ядролық реакторлар бірнеше буынға бөлінеді. Shippingport, Magnox/UNGG, AMB, fermi 1 және Dresden 1 сияқты модельдер ұсынған біріншісі 1950 жылдардан басталды. I-буын ядролық реакторларының жұмысы 1960 жылдарға дейін жалғасты. Алайда, олардың соңғысы Вильфа атом электр станциясында 2015 жылы пайдаланудан шығарылды. I реакторлардың жалғасы болған II буын ядролық реакторлары, PWR, CANDU, BWR, AGR, RBMC және WVERR модельдері 1960 жылдардың ортасынан 1990 жылдардың ортасына дейін таралды. Олардың орнына III буын келді, оны Жапония алғаш рет жетілдірілген қайнаған су реакторлары негізінде игерді.

Қолданыстағы жүйелерді жетілдіру

III-буын реакторларының жетілдірілуі III+буын реакторлары болды. Әлемдік атом энергетикасы осы және басқаларын пайдалану сатысында тұр. Салқындатқыш ретінде суды, гелийді, сұйық металды (қорғасынды), балқытылған тұзды қолдануды жоспарлап отырған және сонымен бірге нейтрон спектрін жылу немесе жылдам нейтрондардың пайдасына өзгертуді жоспарлап отырған IV буын реакторлары әзірге коммерциялық мақсатта пайдалануды көздейтін зерттеу сатысында. Мұнда ең үлкен мүмкіндікті натрий салқындатқышы бар жылдам нейтронды реактор алады. V буын реакторларын қолданысқа енгізу практикалық тұрғыдан алғанда, әлі мүмкін емес. Ғылым мен техниканың қайраткерлері тек теориялық гипотезалар мен тұжырымдамалар түрінде ғана дәлелдеп отыр.

> ***Үлбі металлургия зауытында (ҮМЗ) өндірілетін салмағы 4,5 грамм уран диоксидінен жасалған бір отын таблеткасы 882 келі сұйық отын, 550 кг көмір немесе 500 келі мұнай жағу арқылы өндіруге болатын баламалы энергия бөледі.***

Жаңа буын реакторларының инновациялық тұжырымдамалары

Томск маңындағы Северск қаласында «серпіліс» суперновалық жобасы жүзеге асырылуда. Әзірлеушілердің жоспары бойынша оқиға тарихи болуы керек. Мұнда іс жүзінде мәңгілікке айналуға уәде беретін Брест-ОД-300 түбегейлі жаңа типті реактор жасалады. Оған арналған отынның жер қоры, мамандардың бағалауы бойынша, кем дегенде 100 жылға жетуі керек. Бұл қорғасын салқындатқышы бар жылдам нейтрондарға орнатылған. Ол МОКС деп аталатын аралас уран-плутоний отынымен жұмыс істеуі керек. МОКС отын шығаратын өнеркәсіптік кешен Красноярск өлкесінің Железногорск қаласындағы «РосАтом» тау-кен химиялық комбинатының алаңдарында.

Жобаның айрықша ерекшелігі пайдаланылған ядролық отынды, байыту өндірісінің қалдықтарын қайта өңдеу жөніндегі кешенді құру және кейіннен жаңа отынды өндіру болып табылады. Бірақ бұл бәрі емес, Брест реакторында энергия алу экологиялық таза және қауіпсіз болуды талап етеді. Өйткені, қорғасын балқымасы су мен ауаға бейімделгіш.

Электр энергиясын өндірудің баламалы көздерінің кемшіліктері

Экономика тұрғысынан ЖЭС (жел электр станцияларын) салудың энергиямен қамтамасыз етудің басқа тәсілдері болмаған кезде ғана маңызы бар. Жабдық өте қымбат, техникалық қызмет көрсету және жөндеу тұрақты шығындарды талап етеді және қызмет ету мерзімі 20 жылмен шектеледі. Сондай-ақ, жасыл энергеияның бұл көзі Еуропаның қолайлы жағдайында ғана тиімді.

Ресей үшін бұл мерзімді кем дегенде үштен біріне азайтуға болады. Сондықтан, ЖЭС пайдалану экономикалық жағынан тиімсіз. Ең өнімді станциялар толығымен өтелмейді.

Күн электр станцияларының (КЭС) кемшіліктері ауа райына және тәулік уақытына байланысты. Нәтижесінде, энергияны жинақтау қажеттілігі шектеулі болады. Ал, өнеркәсіптік өндірісте қажет қуат көзін өндіру күрделі күйінде қала береді. Сирек элементтерді қолданумен байланысты құрылымның жоғары құны (мысалы: индий және теллур) және шағылысатын бетті шаңнан мезгіл-мезгіл тазарту қажеттілігі, электр станциясының үстіндегі атмосфераны жылыту, тіпті, жел электр станцияларымен салыстырғанда тиімділікті күрт төмендетеді.

Яғни, атом саясатына түбегейлі қарсы тұрып, экономиканы еңселендіруге пейілді тиімділіктен бас тартуға әлі ертерек деген сөз. Мен өзі пікірімді ортаға салдым. Сіз қалай ойлайсыз?

Халел МАҚСҰТОВ,
Қазақстан Халық партиясы
Қарағанды облыстық филиалының
төрағасы

● ЛЕБІЗ

Профессор пейілі

Вилен Молотов-Лучанский. Бұл есім елге ертеден белгілі. II дәрежелі «Достық» орденінің кавалері. «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісінің иегері. Медицина ғылымдарының докторы, профессор. Кейіпкеріміз ел мен жерді кие көреді. Қазаққа деген құрметі жыл өткен сайын артпаса, еш кеміген емес.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ол бүгінде – облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының Ғылыми-сараптамалық тобының жетекшісі, «Қарағанды еврей мәдениеті орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі. Балқаштың бауырында дүние дидарын ашқанына да былтыр 70 жыл болды. Саналы ғұмырын ел дамуына, бірлік пен бейбітшіліктің салтанат құруына арнаған жан.

«Менің кіші Отаным – Балқаш қаласы. Әйгілі Көкше теңіздің жағасы. Әлі есімде, 8 сынып оқып жүргенде эссе жазғаным. Сонда жусанның иісін, жазық дала мен көлдің толқыны туралы толғанып жазғанмын. Қазақ жеріне деген іңкәрлігім сол қалпы әлі. Киев даласында екі жыл әскери борышымды өтегенде ел мен жерімді қатты

сағындым. Бұл өткен ғасырдың 70-ші жылдары еді. 1937 жылы менің әжем Қарағандыдағы Долинкада жазасын өтеген соң 1952 жылы анам екеуі қайта қауышты. Осылайша, мен Балқаш қаласының бейбіт аспанында дүниеге келдім. Әжем ары үшін өмір сүрген, адамдардың ала жібін аттамаған жібі түзу жан еді. Ал, анам Қазақстанды өмірінің соңына дейін сүйіп өтті. Әжем «Біз бұл елдің халқынан мейірім мен шапағатты көп көрдік дейтін», – деп өткеніне көз жүгіртті Вилен Борисович.

Ол «Бірлігі босаңсыған мемлекеттің берекесі де кетеді» деген ұстанымда.

– Ұлтты ұйыстыра білу – үлкен ерлік! Ал, оған бастайтын – отандастардың алдағы күнге деген сенімі. Қайдан біліп отыр демеңіз. Аз ғұмыр жасадым деп те айта алмаймын. Ғасыр соңындағы таршылық теперішін көрген біреу болса, сол менмін! Мен ғана емес, шаңырағы опырылып ортасына түскен КСРО халқы түгелдей көрген болар. Көшкені көшіп, кеткені кетіп жатты. Бірақ, ертеңгі жарқын болашаққа деген сенім жүрегімде бір сәтке болсын сөнген емес. Талаптандым, еңбектендім. Бірнеше қызметті қатар атқардым. Отандастарымыз түрі мен түсіне, ұлты мен діни наным-сеніміне қарамастан бір шаңырақ астына бірікті. Елімнің көпшілдігіне ерекше ризамын және алғысымды білдіргім келеді, – дейді ол.

Вилен Борисович – терапия саласында ғана емес, онымен қатысты барлық ғылымды тұтас меңгеріп, алдынан өткен науқастың риясыз алғысын алған адам. Қарағанды клиникаларында профессормен шағын және үлкен құрамда жұмыс істемеген, тым күрделі жағдайларда, дәрігерлік консилиумдарда гаухарға бергісіз кеңесін алмаған әріптестері жоқ шығар. Мұнымен қоса, 150-ге жуық ғылыми еңбек алыс-жақын шетелдердің мерзімді басылымында жарық көргенін де атап өткеніміз жөн.

Көктемнің осынау бір көрікті мейрамы Алғыс айту күніне орай профессор осындай пейілін танытты: текті қазақ жұртын қашанда жанына жақын тұтады, аналарына мейірімін аянбаған халықты қадірлейді. Сол себепті де риясыз ризашылығын, алғаусыз алғысын Қазаққа жеткізеді.

Цифрлық аутизм: «сатып алған» аурудың емі бар ма?

Сурет ашық дерекқозынан

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бала дүниеге келгеннен кейін 3 жасқа дейін ойлауы дамиды, сөйлеуі дамиды. Ол жан-жағын танығысы, сөйлегісі келеді. Бірақ оған жауап беретін тек теледидар мен телефон ғана. Ата-ана көбіне баласы үш жасқа келіп қалғанда «сөйлемейді», «өз бетімен отыра береді», «телефонды алып қойсақ, ашуланады» деп шағымданады. Егер ол осы уақытқа дейін өз бетінше өссе, солай қалыптасады. Оны қалпына келтіру үшін апта емес, айлар кетуі мүмкін. Аутизм дегенді естісе, қорқып, шошиды. Ал, өздері телефон беру арқылы балаларында гаджетке тәуелділікті дамытып жатқанын білмейді, – дейді дефектолог маман.

Расымен, аутизм дегенді естігенде тіксінетініміз рас. Ол – мидың, жүйке жүйесінің бұзылуы. Оның емі әлі шыққан жоқ. Ал, цифрлық аутизм дегеніміз – психологиялық мәселе. Ең жаманы біз оны өзіміз өз еркімізбен сатып алып жатырмыз.

– Адам ақпаратты мимен қабылдайды. Қабылдаудан бөлек, ойлану, ой қорыту деген бар. Ойлану режимі мүлдем бөлек. Адамға ойлану қажет болған кезде оған ақпарат қабылдауды тоқтату керек. Бұл өте маңызды дүние. Жаңа ақпарат қабылдап отырмын, посттарды оқып отырмын, ойланып отырмын дегенімізбен, бұл олай емес. Қабылдау және ойлану кезек-кезегімен жұмыс істеуі тиіс. Бүгінгі таңда ақпарат көп. Бала тұрмақ, ересектердің өзі оның керек, керек емесін бағамдай алмай жатады, – дейді психолог Әсел Әрінқызы.

Сол сияқты тамақ ішіп отырғанда телефон көру де зиян екенін айтады мамандар.

– Баласының қолына планшет, телефон ұстатып тамақ беретін ата-аналар бар. Бұл – өте қауіпті. Телефон қарап отырып тамақ ішкен баланың жеген тамақтарын ми қабылдамайды. Әдетте адамның миы не жеп отырғанын, дәмін, қалай жеу керегін бақылап, ағзаларға сигнал беріп отырады. Ал, бұл жағдайда мидың ақпаратты қабылдау функциясы бұзылады. Ми тек планшетке қарап отыруды қабылдайды. Кейін бала планшетсіз тамақ жей алмай қалады, – дейді психолог.

XXI ғасырдың дерті мамандар мен ата-аналарды ғана емес, депутаттарды да алаңдатады. Сенат депутаты Нұртөре Жүсіп бір-екі жыл бұрын «цифрлық аутизм» мәселесін көтерген болатын. Онда сенатор жаңа «дерттің» белгілері біздің қоғамда байқала бастағанын атайды.

– Жеті атасын жатқа білетін ұрпақ орнына жеті ауыз сөзді әзер айтатын толқын пайда болды. Скринэйджер, зуммер, немесе Z-ұрпақ – өз өмірін электронды құрылғысыз елестете алмайтын жаңа буын. Қазіргі таңда логоневроз ауруы мен Турет синдромы күшейе бастады. Тұтас ұлт пен ұрпақ үлкен қауіп алдында тұр. Ата-аналардың 65 пайызы балаларына 3-5 жастан гаджет ұстатады. Бір сөзбен айтқанда, қолына «смартфон ұстап туған» буын өмірге келді, – деді сол кезде депутат.

Телефонға түбегейлі тыйым салу мүмкін емесі бәріне аян.

Психолог Әсел Әрінқызының айтуынша, цифрлық аутизмнің алдын алудың бірден-бір жолы – 2-3 жасқа дейін гаджеттерді тежеу.

– Мүлдем көрсетпеу керек, – дейді ол. – Телефонды алып қойыңызшы, не істер екен? Айғай-шу, ашулану, ызалану, жан-жағындағы заттарды лақтыру сияқты әрекеттерді жасауы мүмкін. Бұл – гаджетке тәуелділік, цифрлық аутизмнің айқын белгілері. Бүгінде барлық мектепте үйірмелер бар. Соларға орналастыру керек. Телефоннан мүлдем бас тарта алмайтынымыз анық. Дегенмен, шектеу болуы міндетті.

Американдық педиатрия академиясы баланы екі жасына дейін гаджеттен аулақ ұстауға кеңес береді, ересек балаларға күніне 2 сағат жеткілікті дейді ол жақтағы мамандар.

Биыл жыл басында Сенат депутаттары білім беру, тәлімгерлік және балалардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңды мақұлдады. Енді оқу процесінде ұялы телефондарды пайдалануға шек қойылды. Дегенмен мәселенің отбасынан бастау алатынын аңғару қиын емес. Цифрлық аутизмнен сақтану әр отбасында, ата-ана жауапкершілігінде жатыр.

Мамандардың айтуынша, ата-ананың баламен өткізген уақытының ұзақтығынан бұрын, сапасы маңызды. Әр ата-ана баласына күнделікті сапалы бір сағатын арнаса жеткілікті екен. Сапалы дегеніміз – басқа шаруаны ысырып қойып, баланың жанында отыру, сұрағына жауап беру, бар махаббаты мен мейірімін арнау.

Үстеме баға үдемейді

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында қалыптасқан аса тұрақсыз халықаралық жағдайда елдің азық түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету зор маңызға ие екендігін атап өтті. «Азық түлік тапшылығы мен бақылаусыз қымбаттауының алдын алу үшін мемлекеттік тұрақтандыру қорларына форвардтық бағалар бойынша ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу мәселесін пысықтау қажет» деген мәндегі Үкіметке тиісті тапсырма берді.

Әлеуметтік маңызы бар азық түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру үдерісі аймақта өңірлік тұрақтандыру қорын қалыптастыру және кәсіпкерлік субъектілеріне арнаулы қарыздар беру, сондай-ақ, меморандумдар жасасу жолымен іске асырылады. Ал, бағаны тұрақтандыру тетіктерін іске асыруға 2 674,5 млн. теңге бюджет қаражаты бөлінді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен брифингте облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Сырым Бошпанов пен облыстық кәсіпкерлік басқармасының басшысы Ирина Любарская хабарлады.

Реформа – өміршең өзгерістер

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бағаны тұрақтандыру тетіктері

– Қазынадан бөлінген қаражат нарықтағы бағаны реттейтін тетіктерді іске асыру жөніндегі мамандандырылған ұйым болып табылатын «Сарыарқа» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясына жолданады. Бүгінде «Сарыарқадағы» қаражат қалдығы 1 149 млн. теңгені құрайды. Оның ішінде тұрақтандыру қорын қалыптастыруға – 369 млн. теңге, айналым тәртібімен қарыз беруге – 780 млн. теңге. Келісімдер аясында атқарылып жатқан жұмысқа тоқталар болсақ, әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы мен Қызылорда облысының «Най-Мир» ЖШС, «Қызылорда Құрылыс ҰК» ЖШС сынды өндірушілері арасында жалпы көлемі 337 тонналық күріш жеткізуге форвардтық шарттар жасалды, – деп мәлімдеді Сырым Бейсебайұлы.

Қазіргі уақытта ӘКК қоймаларында 648,2 тонна бакалея өнімі, яғни, 75 мың литр күнбағыс майы, 127,9 тонна ұнтақталған күріш, 68 тонна қарақұмық жармасы және 377,3 тонна түйіршіктелген қант сақталады.

Бұдан басқа, әлеуметтік маңызы бар азық түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру және облыс кәсіпкерлерін қолдау мақсатында «Сарыарқа» ӘКК» АҚ кәсіпкерлік субъектілеріне «айналым тәртібі» бойынша қарыздар беріледі. Қарыздар беру Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 29 шілдедегі №280 бұйрығымен бекітілген әлеуметтік маңызы бар азық түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың үлгілік қағидалары, сондай-ақ, Қарағанды облысы әкімдігінің 18.07.2023 №48/02 қаулысымен бекітілген Қарағанды облысында әлеуметтік маңызы бар азық түлік тауарларына бағаны тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидалары негізінде жүзеге асырылады. Осы тетік шеңберінде 11 мың тонна азық түлік тауарларын өндіру және өткізу үшін 1 154,3 млн. теңге сомасына 7 кәсіпкерлік субъектісі қаржыландырылды.

– Жеміс-көкөніс өнімдерінің бағасын тұрақтандыру үшін 690 тонна картопқа, 274 тонна сәбізге, 520 тонна пиязға және 222 тонна қырыққабатқа «Поливное» ФҚ, «Кобенов» ЖК, «Искаков» ЖК-не қарыз шарттары жасалды. Қазірдің өзінде 1 650 тонналық жеміс-көкөніс өнімдері сақтаулы, – деп сендірді спикер.

Сондай-ақ, әлеуметтік нан, ұн және макарон өнімдері жеткізіліп сатылады. Ұн тартатын кәсіпорындар наубайханаларға Азық түлік корпорациясы астығынан өндірілген I сұрыпты арзанда-тылған ұнды сатады. Ал, жергілікті сауда желісінде осы ұннан пісірілген нан 90-110 теңгеден сатылады.

Меморандум мәмілелері

Тауық етінің бағасын тұрақтандыру үшін арнаулы келісім шеңберінде «Ақнар ҚФ» ЖШС-нің келісіне 1 080 теңге бағасымен өнімді жеткізу жүзеге асырылады, ол сауда нүктелерінде сауда үстемесін ескере отырып, келісіне 1 188 теңгеден аспайтын бағамен сатылады.

Сурет ашық дерекқозынан

Жергілікті құс фабрикасы «Құрма» ЖШС I санатты тауық жұмыртқасын айналым жүйесі бойынша жеткізуді жүзеге асырады. Сауда желілеріне апта сайын құс фабрикасы әр ондығы 460 теңгелік 94 мың дана арзандатылған жұмыртқа жеткізіп, бөлшек саудада ең төменгі сауда үстемесімен 480 теңгеге сатылады. Бұл ретте, кәсіпкерліктің екі субъектісі «айналым жүйесі» шеңберінде өнімді облыс өңірлеріне тасымалдайды. Мәселен, кәсіпкер Н.Көбенов Приозерск қаласының сауда нүктелеріне белгіленген төмендетілген бағамен жеміс-көкөніс өнімдерін жеткізсе, Ақтоғай ауданында жеке кәсіпкер Ысқақова төмендетілген бағамен әлеуметтік маңызы бар азық түлік тауарларының 17 атауын сатады.

Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау мақсатында облыстың қалалары мен аудандарында апта сайын ауыл шаруашылығы жәрмеңкелері өткізіледі. Онда өнім орташа нарықтық бағадан 15-20% төмен бағамен сатылады. Есептеп отырсақ, жыл басынан бері өңірлерде барлығы 40 ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өткізіліп, онда 51 млн. теңге сомасына 100,2 тонна өнім сатылған.

Баға – бақылауда

Кәсіпкерлік басқармасы облыста өндірілмейтін әлеуметтік маңызы бар өнімнің бар-жоғын әрі бағамын да жіті бақылайды. Бұл 19 өнімнің 5 қатары: қант, қарақұмық жармасы, ұнтақталған күріш, өсімдік майы, тұз. Бұл өнімдер облысқа шетелден, негізінен Ресей мен Беларусьтен, Қазақстанның басқа облыстарынан да тасымалданады. Нақтылар болсақ, қант Алматы мен Жамбыл облыстарының зауыттарынан, күнбағыс майы Шығыс Қазақстан, қарақұмық Павлодар облысынан және күріш Қызылорда облысынан жеткізіледі.

– Бүгінде бұл өнімдер облыстың көтерме қоймаларына уақытылы келіп түсуде, қолда бар көлем облыс халқының айлық қажеттілігін қамтамасыз етеді. Бұл ретте қажетті түсім көлемі күн сайын теміржол желісі арқылы да, автокөлікпен де жүргізіледі. Мысалы, өткен айда облыс қоймаларына 912 тонна азық түлік, ал бакалея өнімі 7 552 тонна көлемінде түсті. Азық түлік өнімдері коммерциялық қоймаларға ай сайын келеді. Басқа өңірлерден әкелінетін әлеуметтік маңызы бар азық түлік тауарларының бағасына келетін болсақ, бұл мәселе де тұрақты бақылауда, – деп мәлімдеді облыстық кәсіпкерлік басқармасының басшысы Ирина Любарская.

Бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу мақсатында көтерме және бөлшек бағаларға тұрақты негізде мониторинг жүргізіледі. Тауардың уақытылы түсуі де бақыланады. Әлеуметтік маңызы бар азық түлік өнімдері үшін заңда белгіленген сауда үстемесі 15%-дан аспауы маңызды. Облыста бағаның негізсіз өсу фактілері бойынша уақытылы ден қою үшін жедел желісі іске қосылған. Сондай-ақ, әр қала мен ауданда Сенім телефоны жұмыс істейді. Жалпы, бағаны тұрақтандыру мәселесі жергілікті деңгейде де, республикалық деңгейде де оңтайлы шешіліп келеді. Өз тарапынан Үкімет баға саясатына қатысты Жол картасын, жүйелі және жедел шараларды әзірледі. Оны орындауға барлық мүдделі органдар, бірінші кезекте Қарағанды облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті, бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі және ауыл шаруашылығы министрлігі жұмылдырылды.

Түйін

Бажайлап қарасақ, азық түлік өнімдеріне бағаның негізсіз өсуі бірінші кезектегі қажеттілігі байқалмайды. Заң шеңберінде рұқсат етілген бөлшек сауда объектілерінің үстеме бағасын 15% көлемінде сақтайды. Бұдан басқа, қала мен аудан әкімдіктері сауда қызметі субъектілерімен әлеуметтік маңызы бар азық түлік өнімдеріне 5-10% ең төменгі сауда үстемесі туралы 2 832 меморандум жасасты. 400-ден астам әлеуметтік бұрыштар мен сөрелер құрылды, онда бұл өнімдер ең төменгі бағамен ұсынылған. 20-дан астам әлеуметтік павильондар жұмысын жалғастыруда. Жыл басынан бері 50-ден астам жаңа сауда нысандары іске қосылды. Сауда үстемесін бақылауды іске асырудың тиімділігі үшін Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша делдалдық схемаларды тергеу жөніндегі өңірлік комиссия құрылды.

Делдалдық схемаларды тергеу жөніндегі өңірлік комиссия баға белгілеудің бүкіл тізбегі бойынша 2023 жылы Комиссияның 101 отырысын өткізді. 20 көтерме жеткізушіде тексеру жүргізілді, оның 15-і әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Жыл басынан бері баға белгілеудің бүкіл тізбегі бойынша делдалдық схемаларды тексеру жөніндегі өңірлік комиссияның 6 отырысы өткізілді.

Қорытындылай келе, аймақтағы баға саясаты бұқара халықты әлеуметтік қорғау саласындағы Үкімет қызметінің басым бағыттарының бірі болып қала беретінін атап өткен жөн. Азық түлік тауарларының бағасын бақылаудың жүйелі тәсілінің, мониторингтік тетіктерді енгізудің және бағаның негізсіз өсуі жағдайында жедел шаралар қабылдаудың арқасында нарықтағы негізгі тауарлардың тұрақтылығы мен қолжетімділігі қамтамасыз етіліп келеді.

Бейне қоңыраудың қолайлы мүмкіндігі

DIGITAL KAZAKHSTAN

Бәрі бұрынғыдан жеңілірек. Халыққа қызмет көрсету орталығының мобильді жүйесі арқылы-ақ жүргізуші куәлігін алуға өтініш беруге болады. Енді азаматтар мұны қосымшаның «Бейне қызметі» батырмасы арқылы онлайн жүзеге асыра алады екен.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Бұған дейін теорияны тапсыру үшін көрсетілетін қызметті алушы мамандандырылған ХҚКО-ға келіп, талон алып, кезекте тұруы, оператордан өтініш беріп, содан кейін ғана емтихан сыныбына өтуі қажет болатын. Енді бұл кезеңдерден өтудің қажеті жоқ. Алдын ала бекітілген уақытта теориялық емтиханға тікелей келе алады. Ал, теорияны сәтті тапсырғаннан кейін ХҚКО қосымшасы арқылы тәжірибелік емтиханға кезекке жазылады.

Бейне қоңырау арқылы кезекке тапсырыс беріп қана қоймай, жүргізуші куәлігін алу үшін құжаттардың сканерленген көшірмелерін де береді. Оның ішінде медициналық анықтама, қызмет алушының фотосуреті, қойылған қолының үлгісі, автомектепті аяқтағаны туралы анықтама, мемлекеттік бажды төлегені туралы түбіртек бар. Барлық құжаттар диалогтық терезеде тіркелуі тиіс.

Арнайы ХҚКО кезегін брондаудың жаңа тәсілі Қазақстанда кеңінен танылып келеді екен. Іске қосылған сәттен бастап ел өңірлерінде мамандандырылған ХҚКО-ларда емтихан тапсыру кезегін брондауға 8 мыңнан астам өтінім келіп түсті.

Сурет ашық дерекқозынан

● ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Жоба жұмыспен қамтиды

2023 жылы 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру аясында «Ұрпақтар келісімшарты» жобасы арқылы Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде 493 адам жұмысқа орналастырылды.

Жобаға техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқуды аяқтағаннан кейін 3 жыл ішінде 35 жастан аспаған жұмыссыз азаматтар қатыса алады. Жобаға қатысу үшін мансап орталығына өтініш беру қажет. Оқу орындарының түлектеріне арналған жұмыс орындары олар игерген кәсіп немесе соған ұқсас мамандық бойынша құрылады. Жұмыс беруші жобаға қатысушыларға кәсіби білімі мен жұмыс тәжірибесімен бөлісу үшін тәлімгерді бекітеді.

Қаржыландыру еңбек мобильділігі орталығы жұмыс беруші ұсынған ай сайынғы мәліметтер негізінде жүзеге асырады. Субсидиялардың айлық мөлшері 30 айлық есептік көрсеткішті құрайды. Жалақыны субсидиялау мерзімі 6 айдан аспайды. Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының дерегінше, «Ұрпақтар келісімшартымен» 26 адам қамтылды.

Өз тілшімізден

● ИМАНДЫЛЫҚ

Діндерге тән ортақ құндылықтар

Құндылықтық тұрғыдан алғанда әлемдік діндердің сенімі мен қағидаттарында адамгершілікке негізделген ізгілік, мейірімділік, адалдық, төзімділік секілді игі қасиеттер насихатталады. Мұндай моральдық ұстанымдар мен рухани негіздегі тәрбие адамның және қоғамның ұмтылыстары мен мақсат-мұратын дұрыс арнаға бағыттауға әсер етеді.

Жалпы, діни құндылықтарға адамгершілік, жанашырлық, әділдік, жақынды сүю және қоршаған ортаны құрметтеу сияқты қағидалар жатады. Көптеген діндер басқа адамдармен үйлесімді өмір сүру үшін этикалық стандарттар мен белгіленген мінез-құлық ережелерін сақтаудың маңыздылығын мойындайды. Соның ішінде негізгі құндылықтардың бірі – әділдік. Ол әрбір адамның құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу, қиын жағдайға тап болғандарға жанашырлық таныту, қоғамдағы теңсіздіктер мен әділетсіздіктерді жоюға ұмтылу деген сөз.

Сонымен қатар, діндер өз ізбасарларын басқа адамдарға, әсіресе көмекке мұқтаж адамдарға қамқорлық пен жанашырлық көрсетуге үйретеді. Олар үйлесімділік пен бақытқа жету құралы ретінде өзін-өзі жетілдірудің және рухани өсуге ұмтылудың маңыздылығын атап көрсетеді. Жалпы, діндердің ортақ құндылықтары барлық адамдардың бақыты мен әл-ауқатына ықпал ететін моральдық-этикалық принциптерге негізделген жақсы және әділ әлеуметтік өмірді құруды мақсат етеді.

Қазақтың ұлы ақыны Абай өз өлеңдерінің бірінде:

«Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,,

Және хақ жолы осы деп әділетті» – деген болатын. Расында, қайсыбір дінді алсаң да адамды сүйіспеншілікке, бір-бірін құрметтеуге, әділ болуға және Жаратушыға құлшылық жасауға шақырады. Діндер Жаратушыны тану тұрғысынан бір-біріне қайшы келуі мүмкін. Алайда, моральдық тұрғыда өзара түсінесе алады. Өйткені барлығында Жаратушыны бар екендігін тану сенімі жатыр.

Өткен ғасырда Кеңес дәуірінің қылышынан қан тамып тұрған 30-40 жылдары қазақ жеріне көптеген ұлттар күштеп жер аударылды. Олар өздерінің мәдениетімен қоса діни сенімдерін ала келді. Сол замандағы ата-әжелеріміз тағдыр тәлкегімен елге келгендердің ұлты мен діні бөлек болса да қол ұшын берді. Өйткені, оларға адамзат баласы деп қарады. Өздері құрқылтайдың ұясындай үйде отырса да, оның бір бөлігінен орын берді. Отбасы мүшелері тойып тамақ жейтіндей деңгейде болмаса да, астарымен бөлісті. Бұл аталарымыздың жүрегінде ізгілік пен мейірімділіктің мол екендігін көрсетеді.

Елімізде әлем діндерінің көшбасшылары жыл сайын бас қосып келеді. Олардың діни сеніміне қарамастан бірге отыруы – гуманизм құндылығы болып есептеледі.

Жоғарыдағы айтылған құндылықтар кез келген адам баласының бойынан көрініс тапса, адамның түр-түсіне, ұлтына, сеніміне қарамастан ортақ тіл табыса алатынын айғақтайды.

Алайда, бұл құндылықтар кез келген діни ағымдарда кездеспейді. Соның салдарынан ел ішінде лаң шығарып, қалыптасқан құндылықтарды терістеп, өзгеден өз ұстанымын жоғары қойып, көпшілікке толеранттылық таныта алмайтындар бар. Қорытындылай келе, ата-баба салған сара жолмен жүре отырып, өзге діндерге толерантты көзқараста болу, яғни сыйластық, құрметтеу қағидаларын ұстану маңызды екенін баса айтқым келеді.

Ж. ДӘРІБАЕВ,
Қызылорда облысының дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығының» бөлім басшысы, дінтанушы
Kazislam.kz

№59

● ДЕНСАУЛЫҚ

Папиллома вирусына вакциналау басталады

Адам папилломасы вирусы – тері мен шырышты қабаттардың эпителийіне әсер ететін өте кең таралған вирустар тобы. Оның 14 түрі онкогенді. Яғни онкологиялық аурулардың дамуына әкеледі.

Сурет ашық дерекқозынан

Адам папилломасы вирусы көпшілікті мазаламауы мүмкін. Бірақ кейбір папилломавирустар сүйелдерге немесе қатерлі ісікке әкелуі де мүмкін. Жатыр мойны обырының дамуы әйелдің адам папилломасы вирусын жұқтыруымен байланысты. Бұл туралы көптеген ғылыми зерттеулер жасалған. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша 95%-дан астам жағдайда жатыр мойны обырын осы вирус тудырады. Жатыр мойны обырының 70%-ы аталған вирус штаммдарының екі түрінен туындайды. Папиллома вирусы адамнан адамға тұрмыстық байланыс және жыныстық қатынас арқылы берілуі мүмкін.

Адам папилломасы вирусы бар әйелдерде жатыр мойны обырының даму ықтималдығы ол жоқ әйелдерге қарағанда 6 есе жоғары. Әлемде жыл сайын 600 мың әйелде жатыр мойны обыры анықталады және одан 340 мың әйел қайтыс болады. Ал Қазақстанда жатыр мойны обырының 1600-ге жуық жаңа жағдайы тіркеледі, бұл аурудан 500-ден астам әйел қайтыс болады. Елде жатыр мойны обыры сүт безі обырынан кейінгі әйелдерде онкологиялық аурулардың таралуы бойынша екінші орында тұр.

Қазақстанда биылғы жылдың III тоқсанынан бастап қыздарды вакцинациялау жоспарлануда. Адам папилломасы вирусына қарсы вакцина Ұлттық егу күнтізбесіне енгізіледі. Вакцинация 11 жастағы қыздарға балаларды вакцинациялауға ата-анасының келісімін алғаннан кейін жүргізіледі. Бұл жас Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, онколог мамандардың ұсыныстарына сәйкес таңдалды. Себебі, 11-14 жас аралығындағы иммундау ересек жасқа қарағанда тиімді, бұл аралықта тұрақты иммунитет қалыптасады.

Әлемде бұл вакцинаға сұраныс өте жоғары. Бүгінгі таңда 125-тен астам ел ұлттық вакцинация күнтізбесіне осы вакцинацияны енгізді. Соның ішінде, Аустралия, Бельгия, Канада, Германия, Жапония, Бразилия, Жаңа Зеландия, Норвегия, Швеция, Испания, Швейцария, Ұлыбритания және АҚШ сияқты елдер бар. Орталық Азия елдері бойынша, көршілес Өзбекстан, Қырғыз Республикасы, Түрікменстан адам папилломасы вирусына қарсы вакцинацияны енгізген. Бұл елдерде жатыр мойны обыры 90%-ға төмендеген.

Вакцинамен қорғануға болатын жалғыз қатерлі ісік түрі – жатыр мойны обыры. Отандық және әлемдік сарапшылар мен мамандар ең тиімді қорғану әдісі – вакцинация екенін еске асалады.

Гүлжан БАЙГУТАНОВА,
Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары

● ОҚИҒА

Ажалдан арашалап қалды

Шахтинск қалалық полиция бөлімінің қызметкерлері қала тұрғынын өрттен аман алып қалды. Оқиға ақпанның 26-нан 27-не қараған түні орын алған.

Кезекші бөлімге Станционный көшесінің бойында гараждан өрт шыққандығы туралы қоңырау түскен.

– Өрт шыққандығы туралы ақпарат түскенде біз өзімізге жүктелген аумақта қызмет атқарып жүргенбіз, – дейді Шахтинск қалалық полиция бөлімі, патрульдік полиция взводының инспекторы Санжар Ильяс. – Арада екі-үш минут өткенде оқиға орынына келдік. Сол уақытта өрт шыққан жерге тағы да бір патрульдік экипаж келді.

Инспекторлар Фархат Байжанов пен Тимур Тілеужанов гаражға келетін жол тар болғандықтан жедел жәрдем көлігінің келуіне кедергі болмау үшін жолды жапты. Ал мен, Дулат Ситахметовпен қою түтін шыққан гаражға қарай жүгірдім.

Гараж есігі жабық еді. Оны ашуға тырысып жатқанда өрт сөндірушілер келді. Олар есікті сындырып, кіруге болатындай етіп ашты.

Сол кезде жерде жатқан адамды көрдік. Дулат екеуміз оны далаға алып шығып, қырынан жатқызып, бетін қармен сүрттік. Оның қозғалғанын көріп, көңіліміз орнына түсті.

Полиция қызметкерлері құтқарған адамды жедел жәрдем қызметкерлеріне тапсырды. Оны күйік шалмағанымен түтінге уланған. Қазіргі уақытта оның денсаулығына ешқандай қауіп төніп тұрған жоқ.

Алдын ала болжам бойынша, ол кешкілік уақытта ішінде автокөлік және газ баллоны бар гаражда қалған. Ол газ жылытпасын қосып, кейін оны құлатып алған.

Өрт шыққан уақытта ол есікке қарай жетіп, кейін иіс тигеннен есінен танып қалған. Өрт туралы сол гаражға жақын жерде орналасқан көлік жөндеу орнының жұмыскерлері көріп, полицияға қоңырау шалған.

Полиция қызметкерлері мен өрт сөндірушілердің дер кезіндегі әрекеттерінің арқасында 43 жастағы Шахтинск қаласы тұрғыны ажалдан аман қалды.

Өз тілшімізден

● СЕМИНАР

Тәжірибе – ең құнды білім

Қарағанды облыстық зағип және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы мен Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің ұйымдастыруымен «Кітапхана және еріктілер: көруі бойынша мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік оңалтудың жаңа тәсілдері» атты семинар-тренинг өтті.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды университеті педагогика факультеті аясында өткен семинарды арнайы және инклюзивті білім беру кафедрасының аға оқытушысы, модератор Сәуле Алшынбаева жүргізді.

Семинар-тренингке арнайы кітапхана оқырмандары, педагогика факультетінің оқытушылары мен студенттері қатысты.

«Ken'jol қоғамының инновациялық даму альянсы» үкіметтік емес ұйым балалар және жастар, мәдениет және спорт мәселелері жөніндегі уәкілі Дия Ержанова қатысып, Қарағанды қаласының жастар ресурстық орталығының жастар ісі жөніндегі инспекторы Жанарай Санақбай, «Зерек» би-спорттық лигасы» ҚБ жетекшісі Шахнұр Мусин, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің «Мейірім» волонтерлық орталығының еріктілері Зейнеп Барлыбаева мен Арина Синкевич баяндамаларын таныстырды.

Тифлопедагог-оңалтушы Владимир Высочинский заманауи тифлотехникалық құралдарға шолу жасап, «Зағиптарға ситуациялық көмек көрсету» тренингін өткізді.

Семинар-тренингтің соңында спорт залда голбол және бочча спорттық ойындары ұйымдастырылды.

Семинар-тренингке педагогика факультетінің оқытушылары мен студенттері, арнайы кітапхана қызметкерлері, зағип оқырмандар, жалпы алғанда 300-ден астам адам қатысты.

● ӘДЕБИ КЕШ

Сырдан қуат алған ақын жүрек

Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада ақын, драматург, әдебиеттанушы Әбділда Тәжібаевтың 115 жылдығына арналған «Сырда туған сырбаз ақын» тақырыбында әдеби кеш өтті.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кеш қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Ә.Тәжібаевтың шығармашылығын насихаттау арқылы ақын шығармаларымен оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттыру, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуді мақсат тұтты.

Әбділда Тәжібаев әдебиеттегі алғашқы қадамын 1920 жылдары өлең жазудан бастаған. Қазақ сөз өнерінің озық дәстүрлері мен дүниежүзілік әдебиеттің үздік үлгілерінен үйрене отырып, 1930 жылдары қалыптаса түседі. Оның өлеңдері сыршыл, ойшыл, шыншыл, оттылығымен ерекшеленеді. Драматургия, әдебиет зерттеу салаларына да сүбелі үлес қосқан.

Кешке Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының докторанты А.Қайырбекова қатысып, Ә.Тәжібаевтың өмір жолы мен шығармашылығы, драматургиясы жайында әңгімелеп, көптеген мағлұмат берді. «Абыл» және «Майра» поэмаларына ерекше тоқталды. Ақынның туған жеріне, еліне деген сағынышын, ыстық сезімін жырлаған «Ана», «Кей кезде», «Жолдас Навои», «Кісі ұялар ісіңді, мақтан етпе» сынды өлеңдерін «Білім-инновация» түрік лицей интернатының оқушылары жатқа оқыды. Сыр бойы қазақтарының гимніне айналған «Сырдария» өлеңін банк колледжінің студенті Д.Уахитова нақышына келтіре жырлады.

№23 мектеп оқушылары А.Жанатова мен А.Бейбіт ақынның шоқтығын тағы бір биік деңгейге көтерген «Қыз бен солдат» драмалық поэмасынан үзінді көрсетті. Оқырмандар көкейлерінде жүрген сұрағын қойып, жауап алды.

Шара соңында «Ән мен жырдың ақбұлағы» атты кітап көрмесіне шолу ұсынылды.

Сурет ұйымдастырушылардікі

● АКЦИЯ

Қар күреген қайырымдылар

Ақтоғайлық волонтерлер аудан мен ауылда тұратын қарт кісілер мен жалғызбасты аналардың ауласын қардан тазалауға үлес қосып жатыр. Алғыс айту күні қарсаңында Қызыларай ауылының ерікті жастары жалғызбасты ананың үй ауласының қарын күреп, қолғабыс етті. Бұған дейін де толассыз қар жауғаннан кейін еріктілер қарт кісілердің ауласының қарын күреп, көмек берген болатын.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Айта кетейік, жастардың мұндай бастамасы бірқатар қоғамдық орын мен тұрғындар көп келетін нысандардың ауласын таза ұстауға септігін тигізіп отыр. Бұдан бөлек, әлеуметтік мекемелерді де қамту жоспарда бар. Ал, еріктілер қатары күн өткен сайын көбейіп келеді. Бұл туралы Ақтоғай аудандық Жастар ресурстық орталығының басшысы Шыңғыс Елеген мәлім етті.

– Бұл акция «Ардағым-ардагерім» аясында қыс келгелі жүзеге асырылуда. Адамдарға қолайлы жағдай жасау мақсатында қардан тазарту жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Алдағы уақытта да балабақшалардың, жалғызбасты қарттар, әже-аталарымыздың үй аулаларын қардан тазартып, оларға ыңғайлы жағдай жасау жоспарда бар. Қарт адамдар мен жалғызбасты аналар үшін ауланың қарын күреу оңай жұмыс емес. Осындай қолғабыстан шет қалмайтын және үлкен кісілерге көмекке ұмтылатын жастардың саны артып келеді, – дейді Шыңғыс Елеген.

Ақтоғай ауданы

Суретті түсірген **автор**

● ВЕЛОСПОРТ

Жерлестер жетістігі

Қарағандылықтар жарады! Илья Карабутов, Динара Көпжасарова және Кирилл Курдиди тректегі веложарыстан өтіп жатқан Азия чемпионатында сәтті өнер көрсетіп, төрт медаль жеңіп жалды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Құрлықтық біріншілік Үндістанның Нью-Делиінде өтті. Қоржынға медаль салған үш спортшы Қазақстан чемпионатында топ жарып, ел намысы қорғалатын байрақты бәсекеге жолдама алған еді.

«Элита» санатындағы жарыстың бірінші күні Илья Карабутов командалық жарыста қола медальді місе тұтты. Жолдың жалпы ұзындығы – 4 шақырым.

Күміс медальді жасөспірімдер қанжығалады. Олардың қатарында Қарағанды велоспорт мектебінің тәрбиеленушісі Динара Көпжасарова да бар.

Азия чемпионатының соңғы күнінде «Элита» санатында өнер көрсеткен Теміртау спортшысы Кирилл Курдиди 1000 метрлік гитте қола жүлдеге ие болды. Сол күні Динара Көпжасарова топтық жарыста үшінші орыннан көрінді.

Сурет ашық дерекқозынан

Қазақстан құрамасы тректегі велоспорттан Азия чемпионатында барлығы 16 медаль жеңіп алды.

● ШЕРТОЛҒАУ

Қаңтарда қаңтарылған қалам

Ерсін МҰСАБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қайран, Сәттібай!..

Биыл «қыс болмайды» дегені қайда? Тәнімді емес, жанымды мұздатып, бойымды емес, ойымды қалтыратқан қаңтарды қайда қоясың?! Қаңтар айы қазаққа қасірет шектірген қарғыс атқыр ай болғаны ма?

Қаңтар қасіреті...

Қаңтар қырғыны...

Ән дүлдүлінің (Мейірхан Адамбеков) жаназасына осы қаңтарда жиналғанбыз. Ақын бауырдың (Сәттібай Жүнісов) табытын арқалап, Жаңаарқаға қаралы көш құлаған. Осы қаңтарда...

Сәттібай бауыр қаңтарда туған қапталды ұл еді. Қаңтарда қаламын қаңтарып, қадірін білмеген ортадан қабірін артық көрді ме, аттанып кете барды. Қарағанды қамығып тұрып Жаңаарқаны жұбатты. Ескенесі егіліп, Байдалы би ауылы «Бауырым!» деп аңыраған... Ақтоғайдан азалы үн естіледі. Олар да Айнашты жұбата алмапты. «Таптазам-ау! Сұңғыла, сұңқарым-ау! Пірім едің ғой... Жырым едің ғой... Бір көйлекті екі кимеген кірпиязым-ау! Бауырларыңды ағалатып, ағаларыңды аңыратып қайда кеттің? Қайда асықтың, арысым-ай?!» деген асыл жарының жоқтауы тоқтауға көнер емес... Басу айта алмадық. Өзіміз егіліп, елі еңіреп тұрғанда, кімді жұбатқандаймыз?!

Қорым жақтан «Құлыным!» деген мейірімді үн талып жетті. Анасының үні еді. Құлынын құшағына алды. Өзі темірден, жүрегі тастан жаратылған жоқ қой, Темірғали аға теңселіп тұрған...

Ауыл маңында ері ауып, шылбыры сүйретілген арабы көк арғымақ шұрқырайды. Кісінегені – кісінің жылағанындай. Ол да Сәттібайды жоқтап, кетпен тұяғымен көк мұзды тарпып, құлқыны тоймас қара жерді тепкілеп-тепкілеп, кісінейді.

Содан бері «атқан оқтай, шапқан аттай» қырық күн өте шығыпты-ау... Көз алдымнан да, көңілден де жымиып қана «Аға!» деп келіп, құшағыма еніп кететін Сәтжанның иманы иіген нұрлы бейнесі кетпейді. Осыдан төрт жыл бұрын дүниеден өткен анасын сағынған екен. Анасына асығып кетті...

Ана, Сізді сағындым, жан ауырды.
Еске түсіп кездерім бала күнгі.
Ақ жүзіңді сағындым күндей күлген,

Мейірім толы сағындым жанарыңды, – деп тебіреніп еді жанарына мөлдір шық тұнып. Анасына жетті. Анасы құлынын бауырына басты. Сәттібайдың пырақ-жыры қоңыр үйден қырдағы қорымға қоныс аударды. Шабыты табыттан сусып, қараңғы қабірге еніп кетті. Енді сәруар жыр сәулесін бізге емес, сол әлемге себеді.

Қайран, бауыр! Қайран, Сәттібай!

Сәтжанның бәріміз сүйіп, қолқалап оқытатын «Пырақ» деген өлеңі бар-ды. Сюжетті өлең, сүйекті өлең. Сол өлеңді қазір оқысақ, оқиғалы өлеңнің желісі Сәттібайдың өз тағдыры екен. Жабағысында тақымын қыздырып, «бабасы тартқан жебедей» аға жөнелетін «жал-құйрығы – күмістен, түктері – алтын» пырағын сиыр сүзіп өлтіреді. Сәттібайдың сондағы жан күйзелісін жүрегің шымырламай, санаң селт етпей қабылдау мүмкін емес.

Тұман басқан буалдыр бар алапты,
Көз алдымда бейкүнә бала жатты.
Өзегімде алапат өрт өріліп,

Төңкеріліп дүние бара жатты.

Сәтжанды да сүзеген тағдыр майып қылды. «Өзегімізде – алапат өрт», деміміздан жалын бүркіп, біз қалдық. «Көз алдымда бейкүнә бала жатты». Біздің де көз алдымызда тап-таза болмыс жатты.

Қаралы қауым ақынның қара табытын әрең көтеріп бара жатыр. Иә, ол – зілмауыр табыт. Өйткені, олар пенденің мүрдесін емес, ақынның әлемін арқалап бара жатқан. Табытта жазылмаған өлең, айтылмаған сыр, аяулы арман, сартап сағыныш жатыр еді...

Ол жылқыны жанындай жақсы көрді, даланы сүйді. Жырында жылқы кісінеп, кеудесіне дала сыйып кететін. Марқұм анасының қымызын аңсап, өзімен бірге оқырманын да тамсандыратын еді.

Жаңаарқа – туған өлкем аңыз-ғажап!
Халқының пейілі кең, жаны ізгі, азат.
Сімірші Жаңаарқаның қымызынан,
Бауырым, болғың келсе нағыз қазақ!

Бірер күнде көктем көрпесін жаяды. Екі айдан соң Жаңаарқа желісін тартып, күбісін майлайды. Жазира дала саумалдың жұпары аңқып, бар қазақ күбіден қотарылған бал қымызға бас қояды. Сол күні төрдегі бір орын мен төмендегі бір кесе бос қалады. Ол орын да, бос қалған кесе де Сәттібайдікі екенін сезіну қандай ауыр?!

Сүйікті ақын бауырының беймезгіл қазасы қабырғасын қайыстырған Сераған (Серік Ақсұңқарұлы) әлеуметтік желідегі парақшасында жариялаған азанамада: «Жасай алмай дәуірін, Арманда кеткен бауырым...» деп егілді. Сәттібайдың «Мен – ақынмын» деп кеуде кермегенін, «Мүшәйраға қатысайын, көмектесіңіз» деп, бірде-бір рет алдына келмегенін қамыға жазған Серік аға ақын бауырының тап-таза болмысына тамсанады.

Иә, Сәттібай сондай еді. Көлгірсіп, көрсеқызарлық танытқанын көрмеппіз. Маған да «Өлеңдерімді «Орталыққа» жариялаңызшы» деп бұйымтай айтып келмеді. Керісінше, мен сұраған едім... Сераға айтқанын маған да айтты: «Мен ақынмын ба?» деді.

...Биыл қыс қатты болып, Жаңаарқада жылқы жұтап жатыр. Тұлпардың қадірін танып, бабын білетін Сәттібайы жоқ дүниені қайран жылқы да тәрк етті ме?!

Жаңаарқада сал күрең шұрқырап жүр. Иесін іздеп... Ал, мен Сәтжан бауырымның өзі оқымайтын шертолғау жазып отырмын.

Қош бол, алтын беренім...

Сен мінбеген жүйрікті,
Біреу жекті арбаға!
Сен алмаған сыйлықты,
Біреу алды зорлана!

Қайырылмадың біріне,
Атақ, мансап жағалап.
Сүйсінуші ек үніне,
«Ән салшы!» деп ағалап!

Жыр оқы деп көкелеп,
«Пырақты» оқы деп қызып!
Паң даланы төтелеп,
Жүрегіңнен өткізіп,

Оқушы едің гүрілдеп,
Күлуші едің шалқалап.
Қалушы едік күлімдеп,
Алушы едік алқалап.

Аялаушы еді ірілер,
Боз жүйрігім «Сәттәш!» деп.
Саялаушы ек інілер,
Ар-намыспен аттас деп!

Сен қолға алған домбыра,
Сөйлейтұғын – дала кең.
Ғұрып, дәстүр, ән, мұра,
Арда туған дарам ең!

Имеуші едің басыңды,
Түймеуші едің жұдырық.
Сен деуші едік hас үлгі,
Бекзаттыққа ірілік!

Қайда асықтың, іңір күн,
Ер сап пырақ-құсыңа?
Найзағайдай сұғылдың,
Нәзік жүрек тұсыма...

Алды әкетіп Хақ Ұлы,
Қош бол, алтын беренім...
Жоқтау болды ақыры,
Саған жазған өлеңім...

Мирас АСАН

«Табына сүйген даланы перзенттер едік...»

Ақын Сәттібай Жүнісовтің бақиға аттанғанына да 40 күн өтіпті.

Ғас ақынның өлеңінен өзінің демі сезіліп тұрады. Аласұрған рухы кеудеңізге көшіп алады. Нағыз өлең деген – осы! Ақынының асқақ үнін сағынған оқырман назарына өлеңдерінің топтамасын ұсынып отырмыз. Сәттібай шайыр жан түпкіріңіздің төріне шығып, күркіреп өлең оқысын.

РЕДАКЦИЯДАН

Туған жер

Алаңда! Алаң-алаң жұрт, алаңды ма едің?...
Бабамды Батыр туған жұрт, Анамды керім.

Құштарлық өртеп кеудемді өзіңе деген,
Өзегім сендік екенін сезіне берем.

Далам-ай тылсым, түйсінер ең үздік ұлы,
Жусандарынан аңқитын қобыздың үні.

Самалың сипай-аймалап сарайымды ішкі
Сіндірген күннің жаныма арайын күшті.

Шомылдырғанда мөп-мөлдір
кәусарың күліп,
Жіберген болар мәңгілік аңсарым қылып

Байтағымды осы – кемеңгер, абыз кәделі.
Жетеме құйып, жетелер аңызға мені.

Кентаврлардан шайлығып кеңістік жұрты,
Мойнында тұмар боп жүрген жеңістің кілті!

«Мен неге сол бір денемнен ажырап
қалдым?» –
деп талай күйген төбені қазып-ақтардым.

Бұл жазық көрген қан қырғын, сан масқараны.
Қысастық осы қашанға жалғаспақ әлі?!

Біздерде сөйлей алады осылай тіпті,
«Жалған» деп жалғыз сөзбенен кесіп айтыпты.

Тірлікті және бар мәні ар мен ұрпаққа,
Саярын Адам мойындар әлдебір шақта.

Табына сүйген даланы перзенттер едік,
Топырағыңды иіскеп, ауаңды ержеткен еміп.

Ұқсатып жүргем әкеме, шешеме неге?
Ұғындым оқып Құраннан есейе келе.

Киіз үй етіп ғаламның кіші жобасын,
Далалықтар-тын имеген кісіге басын!

Қалада туған қандастар қалада-ақ өлсін...
Тек, ұлын тәрбиелеуге далама берсін!

2001 жыл

Пырақ

Балғын шағын шығарар жадынан кім,
Жеткіншек кез, аса шат-шадыманмын.
Малдың басы кер бие құлын салып,
Құрсағынан құт түсті жануардың.

Жап-жарық боп, сол төлдің төнірегі,
Баурап ала жөнелген еді мені.

Жал-құйрығы күмістен, түктері – алтын,
Секілденіп ерекше көрінеді.

Маңдайында төбелі жарқыраған,
Маңғаз біткен ұнайтын қалпы маған.
Үйсін жақтан әкелген Қасым көкем,
Әкесі де текті еді арқыраған.

Сағат санап, жоқ әлде күн санап па?
Шыға келді есейіп бір заматта.
Міне осылай қос қанат біткен еді,
Жігіт боп келе жатқан бір қазаққа!

Қарт атама жырлаймын қылықтарын,
Су ішкенін, шекер жеп құныққанын.
Кеңк-кеңк күліп жарықтық отыратын,
Қос құлынның есітіп қызықтарын.

Екеуара ұғысып үнсіз ғана,
Күй кешеміз бір бөлек, тілсіз, дара.
Жаратқанның ғажайып туындысы
Мінсіз құлын, жанында мұңсыз бала.

Жымиысым жиылмай езудегі,
Қарайтынмын қиялға көзіндегі.
Енесін емеді ғой демесеңіз,
Тұлпар сынды ұстайтын өзін тегі.

Қош, құлыным жетілді жабағы боп,
Байыз таппай кеудемде бала жүрек.
Жарысқанның жүзіне қар боратып,
Бабам тартқан жебедей ағады кеп.

Ағады кеп, жүгірсе безеді кеп,
Өзін дүлдүл екенін сезеді бек.
Әттең, бір күн дүние ойран болды
Тағдыр деген төренің кезегі кеп.

Қас-қағымда қанатым қайырылып,
Көңілімнің күні өшіп, айы бұғып.
Бір аяусыз айуанның кесірінен
Жан досымнан қалдым мен айырылып.

Жасаған-ау, не деген қорлық еді?
«Сиыр сүзіп, жабағың өлді» ,- деді.
«Аға» деймін әкемді, аға-ау, неге?!
Ұшырмай ма пырағым енді мені?

Тұман басқан буалдыр бар алапты,
Көз алдымда бейкүнә бала жатты.
Өзегімде алапат өрт өріліп,
Төңкеріліп дүние бара жатты.

Арманымыз көп еді алып небір,
Оқыс мінез осылай танытты өмір.
Асқақтығын, тәкаппар сұлулығын
Көре алмады-ау, көріксіз мәліккегір.

2009 жыл

Анама

Ана, Сізді сағындым, жан ауырды.
Еске түсіп кездерім бала күнгі.
Ақ жүзіңді сағындым күндей күлген,
Мейірім толы сағындым жанарыңды.

Енді білдім не екенін сағыныштың,
Сен екенсің бастауы бақ-ырыстың.
Келеді де тұрады баяғыдай,
Сен ұсынған саумалдан қанып ішкім.

Сен кеткелі шытынап жан-әлемім,
Айналамды басқандай алагеуім.
Ана, менің кешірші қатем болса,
Елден ерек тасбауыр балаң едім.

Біздің кейбір дәстүрде жарасым жоқ,
Бұрыс па әлде, дұрыс па таласым жоқ.
Бірақ бар ғой, өмірдің азабы екен
Өз анаңды айта алмау АНАШЫМ деп.

Бұл бес күнде, өтпелі аласұргін
Қадіріне кім жеткен бар асылдың!?
Анам барда айта алмай анашым деп,
Анам жоқта «Ана!» деп аласұрдым.

Асыққандай мешітке жұмада жұрт,
Біздің үйге келуші ед мына халық.
Төрт тараптан жататын алғыс жауып,
Төрт биенің сүтінен бұлақ ағып.

Келін болды ол аяулы Алашыма,
Жете білді ел-жұрты бағасына.
Я Раббым - жарылқаушы Жаппар ием,
Жәннатты нәсіп етші Анашыма.

Мерейінді сан мәрте асырса да,
Санатына жақсының қосылса да,
Бала болып білмеген еркелеуді
«Атасының баласын» кешірші, Ана.

2021 жыл

Ескене

Арқаның ұлан-ғайыр даласында,
Қыраттар, шоқылардың арасында,
Ескене аталатын бір ауыл бар
Не керек, кереметтің бәрі осында!

Еңселі ел мекен еткен Ескенені,
Басынан небір дәуір кешкен еді.
Алаш!, деп атқа қонған бабалары
Абылай, Хан Кененің әскері еді.

Атыңнан айналайын Талдыбұлақ,
Шәрбат су, жібек самал, нәрлі құрақ,
Адасқан үйірінен мендей ұлға
Киелі мекендейсің мәңгі жұмақ.

Мейірбан адамдары, сенімі бек,
Көрмеген пейілдері тегі жүдеп.
Безбүйрек замананың заңдарынан
Сақтаған бұл ауылды не құдірет!?

Атамды бүкіл ауыл Әке дейтін,
Ол кісі ақ пейілмен мәпелейтін.
Келгендей Қыдыр ата құрақ ұшып,
Бір үйден бір үйге алып жетелейтін.

Жарасқан берекесі, ынтымағы,
Пырақтай көрінетін жылқылары.
Қиялым бала күнге ала қашып,
Жүрегім сол ауылға ынтығады.

2023 жыл

Арабы көк

Кәкімбек аға, Сізге мен,
Алғысымды айтам от кеуде!
Көңілге медеу іздеп ем
Үмітім мерт боп кеткенде.

Аңсары атқа құлаған
Күреңбайдікі-ау сендік мұң.
Құласын қимай жылаған,
Ақанның күйін енді ұқтым.

Айтқанда сауын тойға бұл,
Сан түрлі жарыс бар деген.
Тоқ бәйге болмай ойдағы,
Алысты дөнен кермемен.

Тұлпарға қарап ширықтым,
Сол күні неткен сергек ең.
Бағасын білер жүйріктің,
Шамасын байқап көрмек ем.

Іздесең тегі боз шөлде,
Тұрған соң қосқам дес бермей.
Қаны ыстықтығын сезсем де,
Намысшылдығын ескермей.

Жұлдыздай ақты жонменен,
Қызу қан теуіп жүректі.
Дүбірлі дуға шөлдеген
Жұртымның жанын түлетті.

Алдына түскен аттарды,
Қорлық деп білді-ау кербезім.
Намысқа шапқан шақтарды,
Отырмын ойлап енді өзім.

Жарықтық жылқы жануар-ай!
Арқалап арын жүгірді.
Тұлпардың асыл арманы-ай!
Бірінші өтіп жығылды.

Қазағым сәби көңілді,
Мерт болды тұлпар, жасыдық.
Айналып жүрсін көгімді,
«Ақбоз аттарға» қосылып.

Өмірдің қилы сан қыры
Мәре мен сөре арасы.
Жігіт пен күлік тағдыры
Не деген ұқсас қарашы...

2003 жыл

Сен

Саған түсіп жарығы күллі әлемнің,
Көз алдымды көктемдей нұрға көмдің.
Сол кіршіксіз қалпыңда гүл аңқыған
Құлазулы кеудеме күн боп ендің.

Сол жақ тұсы денемнің дір еткесін,
Енді өзіңді ұмытсам жүрекке сын.
Қиялымда қиылып күлімдеші,
Сүңгілері санамның сүмектесін.

Сонда саған айтатын сөзімді ойлап,
Сергелдеңде сенделсін сезім бейбақ.
Күллі сырын кірпікке күзеттірген,
Сенің көзің – өмірдің өзіндей гәп.

Кәусарым ең қауышқан шөлдеп келіп,
Ғайып болдың сағыммен жер-көк кеуіп.
Маңдайыма сыймаған бес-ақ әріп,
Таңдайыма тамып тұр кермектеніп.

Сен кеткелі жабығып жәбірден көп,
Сырласатын боп жүрмін Тәңірмен Көк.
Ол да бірақ, күн күліп, түн жылайды.
Жанарынан жауған жас жанымды өртеп.

Болмысымның доғарып дөңбекшуін,
Тәлкегіне тағдырдың көнбекшімін.
Жүрегім де солқылдап жылап жатыр,
Ғұмыр өтер басқанша енді өксігін...

1999 жыл

***

Ауылға бір аландап, бауырға бір,
Ауырады бұл жүрек, ауырмағыр.
Тартып кеткің келеді сол ауылға,
Сал күреңді салып қап сауырға бір.

«Елден ерек неге осы бұл өжет»-, деп?!
Кесім айтар біреулер жүре зерттеп.
Бас көтермей тобырдың арасынан,
Сен де жүрсең дейді олар бүгежектеп.

Аулақ ұстап басыңды байбаламнан,
Қашқақтайсың күмәнді пайдалардан,
Қатыспай жағымпаздық жарысына
Сөз естисің «қамқоршы» айналаңнан.

Алашқа бір аландап, әулетке бір,
Елден ерек сүргін кеп дәулетті өмір
Қиялыңа беріле берген кезде,
Зірк етеді бір дауыс – «әй, жетпегір!».

Бейсауат біреулерге сөз боласың,
Қас-қабағын бағасың, көз қарасын.
Төбеңнен жуынды әкеп төге салып,
Көтерер сөйтіп олар өз бағасын.

Менде бәрі жақсы деп мақтанасың,
Іле-шала табанға тапталасың.
Кінәсіз бола тұра жер шұқылап,
Жазықсыз бола тұра ақталасың.

Отбасыңа аландап, Отанға бір,
Жүк тұрғандай жүресің жотанда бір.
Аландаумен өтеді екенсің-ау,
Өмір деген өлшеулі сапарда бұл.

2023 жыл

Сәттібай ЖҮНІСОВ

Сөз саңлағымен сұхбат

Қалың оқырманның сүйікті жазушысы Сүйіндік Жанысбаймен кездесу өтті. Тағылымды шараны Қарағанды қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің қолдауымен «Қарағанды қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» ұйымдастырды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кездесу «Қарағанды қаласының 90 жылдығына арналған 90 кездесу» жобасы аясында өтті. Биыл кеншілер шаһарымен бірге Сүйіндік Жанысбайдың да 75 жас мерейтойы екенін атап өткен жөн.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Республикасы Мәдениет қайраткері, Қазақстанның Құрметті журналисі, облыс әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының иегері, жазушы Сүйіндік Жанысбайдың оқырмандары кітапханаға лық толды.

Қаланың тарихын бір адамдай білетін, бірге тыныстап келе жатқан ардагер журналистің әңгімесі өткен күндерден тамыр тартты. Сонымен қатар, кітапхана оқырмандары қаламгердің шығармаларындағы ұлттық рух пен елдік мүдде жөнінде пікір алмасып, Сүйіндік Жанысбайдың өлкетануға қосқан үлесі жайлы да мәліметтерімен бөлісті.

Сұхбаттан бөлек қаланың әсемдігін айшықтаған, даңқын аспандатқан әндер шырқалып, ұлы рухты сілкіген күйлер шертілді. Осы тұста қалыптасқан, танылған өнерпаздардың емес, жастардың жұлдызы жарқырады.

Еңбегімен ерекшеленген сөз саңлағына құрмет көрсетілді. Сүйіндік Жанысбай да өз кезегінде алғысын жаудырып, ағынан жарылды.

– Өмірде адамды биікке тек еңбек пен талап қана жетелейді. Ең бастысы – армандай біліңіздер. «Армансыз адам – қанатсыз құспен тең» деп тегін айтылмаса керек. Талмай еңбек еттім. Түбінде бір биігіме шығарымды сездім, сендім. Сенімім алдамады. Осы шараны ұйымдастырушыларға алғысым шексіз! Сіздерге де осындай құрмет бұйырсын! – деді ол.

Шара соңында оқырманы қаламгерін қаумалап, естелікке суретке түсті.

Сурет шараны ұйымдастырушылардан

● ХОККЕЙ

«Сарыарқа» сан соқтырды

«Сарыарқа» хоккей клубы ел чемпионатының плей-офф кезеңінде сәтті өнер көрсетуде. «Хумо» клубымен өз алаңында өткен бірінші кездесуде 1:5 есебімен жеңілсе, қарымта ойында 3:1 есебімен ұтты.

Алғашқы айналымда 2:0 есебімен алаң қожайындары алға шықты. Голды Тимур Шингареев пен Дмитрий Стулов соқты.

Екінші айналымда таблодағы есеп өзгермеді. Тек 45-ші минутта «Сарыарқа» шабуылшысы Александр Коннов есепті 3:0-ге жеткізді. Бұл кездесуде «Хумо» клубы соғылған үш шайбаға тек бір ғана шайбамен жауап қайтара алды.

Плей-офф кезеңіндегі қос команда арасындағы төрт кездесудің үшеуінде жерлестер жеңіске жетіп, келесі кезеңге жолдама алды.

● ЖӘДІГЕР

Мұражайға Құран сыйлады

2018 жылы ашылған «Достық үйі» музейінде облыстық этномәдени бірлестіктердің көмегімен жиналған 1500-ге жуық жәдігер бар. Барлығы этномәдени бірлестіктер өкілдері үшін үлкен маңызға ие.



«Достық үйіндегі» мұражай – қазақстандық бірегейлік пен жалпыұлттық бірлікті нығайтады. Осы орайда ортақ дәстүр, тіл, мәдениет сақтау – этномәдени бірлестіктердің күш-жігерін біріктіруге ықпал етеді. Түрлі ұлт өкілдері «қазақ еліне алғыс айтамыз» деген ниетпен құнды жәдігерлер тарту етеді. Жақында Әнет баба мешіті музейге бірнеше діни кітап сыйлады. Оның ішінде 1970 жылы өшірілмейтін сиямен жазылған екі Құран кітабы бар.

Сондай-ақ, «Вайнах» шешен-ингуш бірлестігі музей қорына ұлттық аспап – дечиг пондар табыстады. Оңтүстік Кореядан келген қонақтар музейге корей халқының ұлттық ханбок киімін арнайы тоқып әкеліп, тарту етті. Музейдегі «Понтос» грек орталығының қоры ежелгі грек вазасымен толыққаны да біз үшін ауыз толтырып айтарлық жаңалық.

Мүгүлсім ШИБАЕВА,
«Достық үйі» музейінің қызметкері
Сурет автордан

● КҮНТІЗБЕ ЖӘНЕ КІБІСЕ

«Бүгін менің туған күнім, ой пәлі-ай!»

Бүгін төрт жылда бір келетін – 29 ақпан. Біз аса мән бермеуіміз мүмкін. Бірақ, дәп осы күні дүние дидарын ашқан жандар нағыз туған күнін тағатсыздана күтеді. Мұны 366 күнге созылатын жылдың «Кібісе күні» дейді. Бұл күні қарағандылық озат оқушы, өнерлі өрен Айару Жандосқызы да дүниеге келген.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

М.Жұмабаев атындағы мектептің 6-сынып оқушысы Айару Серік – оқуда озат. Сондай-ақ, бірнеше халықаралық жарыстардың жеңімпазы «Шолпан» би-ансамблінің ең үлгілі бишісі. Бала кезінен теннис ойнауға тез бейімделген бүлдіршін бос уақытында волейболды да ойнайды. Әнді де әуелете шырқайды.

– Бүгінгі күні волейбол мен теннисті доғара тұруға тура келіп тұр. Өйткені, мен Назарбаев мектебінің емтиханына дайындалудамын. Оған қоса, үйдің үлкені болғандықтан, екі бауырым мен сіңліме қарап, анашыма көмектесемін. Әкем мені мақтан тұтатынын жиі айтып, болашағыма үлкен сенім артады, – дейді туған күн иесі.

– Айару 28 ақпан күні түнгі 00:20 да дүниеге келді. Отбасымызбен көп ойланып, 28 ақпан деп жаздыруды өтініп сұрадық. Себебі, туған күнінің төрт жылда бір келетінін түсінбей, көңіліне ала ма деп ойладық. Барлық бала туған күнін асыға күтеді. Айару да ай санап, туған күнін алдын-ала жоспарлап жүреді. Қандай сыйлық күтетінін айтады. Сол себепті, біз төрт жылда бір рет қана атап өтпей, жылда түнгі 12-ден соң құттықтауды дәстүрге айналдырдық. Басында толғатқанда іштей тілеген едім, дәп осы кібісе күні дүниеге келмесе екен деп. Бірақ, Алланың қалағаны болды. Сосын өзім де аман-есен босанған соң, қуандым. Ерекше күні дүниеге келді ғой, оның үстіне тұла бойы тұңғышымыз. Қызымыздың тағы бір ерекшелігі – солақай. Ән де айтады, би де билейді. Жұлдыз болатынына

сенеміз, – дейді Айарудың анасы.

Ашық дереккөздерде «29 ақпан» жайлы қызықты деректер көп. Мәселен, Юлий Цезарь жылдың 365 күннен емес, 365 ширегімен екенін білгенде, әр төрт жыл сайын ақпан айына 1 күн қосуды ұсынған екен. Ал, Финляндия, Ирландия және Шотландияда осы күні әйел адам сүйгеніне ұсыныс жасай алатын дәстүр бар. Егер ер адам ұсынысты қабыл алмаса, қомақты айыппұл төлеуге міндетті. Әлемде бұл күнге қатысты осындай да қызықтар бар.

Астрологтар 29 ақпанда дүниеге келген адамдар таңдаулы, талантты әрі ерекше қабілетке ие екенін айтады. Егер жан-жағыңызда бүгін дүниеге келген Айару секілді жақыныңыз болса, құттықтауды ұмытпаңыз!

Олай болса, туған күн иесі Айаруды «Орталық Қазақстан» газеті де шын жүрекпен құттықтап, бар жақсылықты тілейді!

Сурет кейіпкердің мұрағатынан

● ФУТБОЛ

Жаңа ойыншымен толықты

Кеншілер аймағының мақтанышы «Шахтёр» футбол клубы қатары жаңа ойыншымен толықты. Қарағандылық футбол мектебінің түлегі Дмитрий Бачек клубпен келісімшарт жасады.

Дмитрий Бачек футболдағы кәсіби мансабын 2018 жылы «Шахтёр М» сапында бастап, 42 матч өткізіп, 15 гол салған.

Бұдан бөлек, «Шахтер-Болат» сапында да өнер көрсетіп, 6 матчта 2 рет командаластарына гол соғуға мүмкіндік жасады.

2019 жылы Премьер-лигада дебют жасап, дебюттік маусымында 6 ойын өткізді. Сондай-ақ, «Ақсу», испаниялық «Поблленсе», «Антекера» және беларустың «Арсенал» клубында өнер көрсеткен.

● ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

Тартысқа толы турнир

Қарағандыда мектеп оқушылары арасында үстел теннисінен «Жас динамошы» турнирі өтті. Жарыс «Динамо» дене шынықтыру және спорт қоғамы базасында ұйымдастырылды.

Сайысқа қаланың жеті мектебі өз командасын ұсынды.

Турнир қорытындысында, ұлдар арасында I орынды Ш.Құдайбердиев атындағы мектептен Назар Шағатаев, II орынды №59 мектеп оқушысы Мақсат Жұматаев, III орынды Қ.Сәтбаев атындағы мектеп оқушысы Кирилл Гаммер алды.

Қыздар арасында I орынға Қ.Сәтбаев атындағы мектептен Алиса Кошелева, II орынға Ш.Құдайбердиев атындағы мектеп оқушысы Зарина Досжанова, III орынға №83 мектеп оқушысы Әмина Жанахметова жайғасты.

Жеңімпаздар кубок, мақтау қағазы және бағалы сыйлықпен марапатталды.

Дайындаған
Жәлел ҚУАНДЫҚҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»
Суреттер ашық дереккөзден

● БАЙҚАУ

Жас күйшілер аламаны

Саран қаласында жас домбырашыларға арналған «Күй – Тәңірдің күбірі» облыстық фестиваль-байқауы өтті. Байқауға Қарағанды облысы қалалары мен аудандарынан 200-ден астам қатысушы жиналды.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Қатысушылардың барлығы өте жоғары дайындықпен келгені көрінді. Байқауға Қарағанды, Балқаш, Саран, Теміртау, Приозерск, Абай, Шахтинск қалаларынан, Топар, Дубовка, Доскей кентінің және Ақтоғай, Бұқар жырау, Қарқаралы, Шет, Осакаров аудандарының қосымша білім беру мекемелерінің домбыра сыныптарының оқушылары қатысты. Әр орындаушының шеберлігін және сахнадағы мінез-құлқын қазылар саралап, бағаларын әділ берді, – дейді Саран қаласындағы Балалар өнер мектебінің директоры Толқын Мұсалиева.

Күй аламанына қатысушы жүйріктер төрт жас санатында бақ сынасты. Олар күй атасы Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Сүгір секілді танымал күйшілердің және басқа да ұлы композиторлардың күйлерін орындады.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

7-8 жас санатында бас жүлдеге ие болған Саран қалалық Балалар өнер мектебінің тәрбиеленушісі Марлен Нұртазин. Сондай-ақ, 9-10 жас аралығында №2 Қарағанды өнер мектебінің тәрбиеленушісі Рамазан Қадыр бас жүлдеге ие болды.

– Домбыраға қатты қызығамын. Нұрғиса Тілендиев секілді елге танымал күйші болу – арманым. №2 музыка мектебінің домбыра сыныбына барғаныма биыл бір жыл болды. Мынадай байқауға бірінші рет қатысып тұрмын. Өзіме қатты ұнады. Бірақ, байқау барысында қобалжып, орынға іліге алмай қалдым. Бірақ, мен оған налымаймын. Бұл жерден өзіме көп достар таптым. Өзбекстанның Ташкент қаласында өтетін алдағы байқауға тыңғылықты дайындалып барамын, – дейді №2 музыка мектебі домбыра сыныбының тәлімгері Нұрасыл Қуандық.

Әрине, мұндай кезде баланың топ алдына тайсалмай шыққанының өзі батылдық. Қатысушылардың біршамасы жүлделі орынға іліге алмаса да, жабырқаған жоқ. Себебі, байқау өте қызықты өтті. Сонымен қатар, қатысушылардың барлығына бірдей сертификат табысталды.

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – **Оксана Вячеславовна МЯГКИХ**

Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары – **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Ж.Қ. ШАЛҚАР**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 5 457

№ 25 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жансая ОМАРБЕК**